

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 3 (855) 14 қаңтар 2022 жыл

facebook.com/tainsha.tany

tayynshatany.wixsite.com/website

tainsha_tan@list.ru

Мемлекет басшысы ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезектен тыс сессиясына қатысты

Бүгін елімізде қалыптасқан жағдайға байланысты Қазақстан Президентінің бастамасымен шақырылған Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымы Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезектен тыс сессиясы бейнебайланыс режимінде өтті.

Жиынға Қасым-Жомарт Тоқаевпен қатар Арменияның Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Ресей Президенті Владимир Путин, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Қырғызстан Министрлер кабинетінің Төрағасы – Президент Әкімшілігінің Басшысы Ақылбек Жапаров және ҰҚШҰ Бас хатшысы Станислав Зась қатысты.

Қазақстан Президенті сессия қатысушыларына елімізде қалыптасқан ахуал мен оны тұрақтандыру үшін қабылданып жатқан шаралар туралы мәлімет берді. Мемлекет басшысы ҰҚШҰ бойынша әріптестеріне көрсеткен көмектері үшін ризашылығын білдірді.

– Шын мәнінде, ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің бірінші қауіпсіздігін, тұрақтылығы мен тұтастығын қамтамасыз ету үшін Ұйымның бітімгерлік күштерінің ауқымды түрде жұмылдырылу жағдайы бірінші рет болып отыр. Біз үшін ҰҚШҰ бойынша әріптестеріміздің әскери ғана емес, моральдық қолдау көрсетуі де аса маңызды. Ұйымға мүше мемлекеттердің бәрі біртұтас

майдан болып, Қазақстанның үндеуін бірауыздан қолдады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Ұйымның бұдан пайдалы әрі жақсы тәжірибе алатынын, осал тұстар талданып, тиісті шешім шығарылатынын, реттеуші құжатқа түзетулер енгізілетінін атап өтті.

– ҰҚШҰ беделді әскери-саяси ұйым ретінде өзінің қажетті әрі тиімді екенін көрсетті. Бұл мемлекеттеріміздің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін нақты механизм, – деді Мемлекет басшысы.

Саммит барысында ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары Қазақстан Республикасындағы жағдай жөнінде пікір алмасып, еліміздің басшылығы жасап жатқан іс-әрекеттерді қолдайтынын айтты. Сондай-ақ тұрақтылық пен конституциялық тәртіпті қалпына келтірудің маңызды екеніне назар аударды. ҰҚШҰ Бас хатшысы Станислав Зась бірлесе қабылдаған шешімдердің жүзеге асырылу барысы туралы баяндады.

Мемлекеттер басшылары ҰҚШҰ Ұжымдық бітімгерлік күштерінің Қазақстандағы миссиясы аяқталғанша тұрақты байланыста болуға уағдаласты.

akorda.kz

2022 жылғы 10 қаңтар

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІНІҢ ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Құрметті Төраға!

Құрметті Мәжіліс депутаттары!

Тәуелсіздік тарихында біз алғаш рет аса күрделі және қатерлі кезеңге тап болдық. Ел басына түскен осындай сынақты қайыспай біртұтас ел болып еңсере білдік. Енді біз мұндай жағдайға ешқашан жол бермеуіміз қажет. Сондықтан еліміз душар болған ауыр қасіреттің себептерін саралап, оның салдарына нақты баға беру – алдымызда тұрған өте маңызды міндет.

Өкінішке қарай, бүгінде халық арасында осы оқиғаға байланысты түрлі қарама-қайшы, шындыққа жанаспайтын жалған ақпараттар тарап кеткенін көріп отырмыз. Мұның, әрине, бірнеше себептері бар: кейбір азаматтарымыз ахуалды егжей-тегжей білмей тұрып, қате пікірде болса, кейбірі әдейі ақпаратты бұрмалап, жағдайды одан бетер ушықтырады.

Бірақ бізге керегі – тек ақиқат қана. Сол себепті оқиғаларды мұқият зерттей отырып, айтарым: жыл басынан бері орын алған барлық жағдайлар – бір тізбектің тармақтары деуге толық негіз бар. Ашығын айтсақ, бұл бірнеше жыл бойы алдын ала ойластырылған зұлымдықтың көрінісі. Олардың көздегені – өздерінің қатыгез пиғылдарын іске асыру болғаны айдан анық.

Мұның қатарында Жамбыл облысында болған тәртіпсіздіктер, этносаралық сипаттағы арандатушылықтар мен басқа да шиеленістер бар. Қоғамымыздың тұтастығын жүйелі түрде, соның ішінде наразылықтар мен кәсіби түрде әзірленген сценарийлерді қолдану арқылы шайқалтып келген.

Радикалды шаралардың нақты орындаушыларын дайындау жасырын түрде жүргізілген. Ұлттық қауіпсіздік комитеті уәкілетті орган ретінде осы бүлдіргі жұмыстарға нақты баға бере алмады және бергісі де келмеді. Ұлттық қауіпсіздікке төнген аса үлкен қауіпті көрмеді. Шабуыл ұйымдастырушыларына тек себеп іздеу ғана қалды, ал ол себеп бәрібір табылар еді.

Халықтың газ бағасының өсуіне байланысты наразылығы құрал ретінде пайдаланылды. Содан кейін оқиға спираль түрінде дамыды. Бірінші кезеңде бірнеше өңірде, атап айтқанда, Жаңаөзенде митингтер өтті. Екіншісінде қарақшылар мен

басбұзарлар қосылды. Бұдан әрі «отты» кезеңге жетіп, қарулы лаңкестер, соның ішінде шетелдік содырлар іске араласты. Осыдан кейін олардың негізгі мақсаты белгілі болды – мемлекеттік басқару институттарын тарату, конституциялық құрылымды бұзу және түпкі нәтижеде билікті басып алу. Әр нәрсені өз атымен атар болсақ, бұған дейін ҰҚШҰ саммитінде айтқанымдай, біздің елге қарсы террористік соғыс ашылды. Жау асқан қатыгездік пен кез келген қадамға баруға дайын екенін көрсетті. Олар тіпті халық арасында қорқыныш ұялатып, қарсы шығу туралы ойды басуға талпынды.

Қазақстанға шабуыл жоспары әртүрлі аспектілерді қамтыды: әскери, саяси, идеологиялық, жалған ақпараттандыру және тағы басқалар. Билікті басып алуға дайындық жұмыстарын кәсіпқойлар жүргізді.

Бұл халықаралық лаңкестік тарапынан елімізге қарсы жасалған қарулы агрессия болғандықтан, Қазақстан заңды түрде Ұжымдық қауіпсіздік шарты бойынша әріптестеріне бітімгершілік контингент жіберу туралы өтініш жасады.

Мынаны түсіну керек: осындай шешім қабылдап жатқан кезде Алматыны бақылауды толықтай ұстан шығарып алуымыз мүмкін еді. Ондай жағдайда қалада лаңкестер ойран салатын еді. Алматыдан айырылсақ, астананы да жоғалтып, кейін елімізден айырылатын едік. Қаңтардың қаралы күндеріндегі оқиғалардың мәні де осында. Елордада бітімгершілік контингент пайда болғаннан кейін Алматыға арнайы жасақтың қосымша бөлімшелерін жіберіп, қаланы сақтап қала алдық.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына жеке тоқталғым келеді. Бұған қатысты түрлі қауесеттің, әсіресе, шетелде тарап жатқан жаңсақ пікірдің алдын алу қажет. Бұл ұйым Ұжымдық қауіпсіздік мәселелерімен айналысады.

Қазақстан – оның толыққанды құрылтайшысының бірі. Осы ұйымның барлық мүшелерінен жасақталған бітімгершілік контингенті Қазақстанға уақытша мерзімге ғана келді. Оған жүктелген міндеттер нақты айқындалған. Бұл – стратегиялық нысандарды күзету және ақыл-кеңес беріп, қолдау көрсету.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ЖАРЛЫҒЫМЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚҰРАМЫ ЖАРИЯЛАНДЫ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамы туралы Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 3) тармақшасына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

Тағайындалсын:

Роман Васильевич Скляр – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары;

Ералы Лұқпанұлы Тоғжанов – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары;

Мұхтар Бескенұлы Тілеуберді – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі;

Бақыт Тұрлыханұлы Сұлтанов – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрі;

Ғалымжан Тельманұлы Қойшыбаев – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы;

Мұрат Кәрібайұлы Бектанов – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі;

Ерлан Заманбекұлы Тұрғымбаев – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі;

Асқар Қуанышұлы Омаров – Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрі;

Ербол Шырақпайұлы Қарашөкеев – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі;

Қанат Сергейұлы Мусин – Қазақстан Республикасының Әділет министрі;

Асхат Қанатұлы Аймағамбетов – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі;

Ажар Финият – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі;

Серік Жамбылұлы Шәпкенов – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі;

Қайырбек Айтбайұлы Өскенбаев – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі;

Ерұлан Кенжебекұлы Жамаубаев – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі;

Дәурен Әскербекұлы Абаев – Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі;

Юрий Викторович Ильин – Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі;

Әлібек Сакенұлы Қуантыров – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі;

Бағдат Батырбекұлы Мусин – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі;

Серікқали Аманғалиұлы Брекешев – Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі;

Болат Оралұлы Ақшолақов – Қазақстан Республикасының Энергетика министрі.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2022 жылғы 11 қаңтар, № 756

ЕЛІМІЗГЕ ТЫНЫШТЫҚ, ЖҰРТЫМЫЗҒА АМАНДЫҚ

Елдегі ахуал тұрақталып, төтенше жағдай тоқтатылғанға дейін құлшылықтарды үйде орындаған абзал. Діни басқарма жағдайды түсіністікпен қабылдап, сабырлық танытуларыңызды сұрайды.

Біздің елдің тірегі де, тілегі де – бейбітшілік пен береке-бірлік. Сондықтан қазіргі уақытта өзара сенім білдіру, ақылға жүгіну, тәртіпсіздікке бой алдырмау аса маңызды.

Республикалық «Әзірет Сұлтан» мешітінде Бас мұфти бастаған дін қызметкерлері ыстық тамақ пен азық-түлік салынған себеттерді Нұр-Сұлтан-Қарағанды тасжолында орналасқан блокпосттағы сарбаздарға үлестірді.

«Мемлекетіміз елімізде болған жағдайды қалыпқа келтіру үшін қажетті шешімдер қабылдап, тиісті іс-шараларды жүзеге асыруда. Біздің де аз да болса үлесіміз болсын деген ниетпен сарбаздарымызға ас-су әкеліп, оларға рухани тұрғыдан қолдау көрсетіп жатырмыз. Алла Тағала еліміздің шетін жаудан, ішін даудан сақтасын» деп атап өтті Наурызбай қажы Тағанұлы.

Айта кетсек, еліміздегі барлық мешіт имамдары блокпосттарда сарбаздарға ыстық тамақ пен азық-түлік үлестіруде. Алла Тағала халқымызды алауыздықтан сақтап, елімізге тыныштық, жұртымызға амандық нәсіп етпей!

muftyat.kz

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІНІҢ ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

(Жалғасы. Басы 1 бетте)

Лаңкестерге қарсы операцияны толығымен Қазақстанның күштік құрылымдары жүзеге асыруда. Шын мәнінде, солардың жанкешті іс-әрекетінің арқасында төңкеріске жол берілген жоқ.

Мемлекеттік төңкеріс, елдің тұрақтылығына қол сұғу талпыныстары сәтсіздікке ұшырады. Біз біртұтас ұлт ретінде Алматы мен өзге облыс орталықтарын бірге қорғап қалдық. Қысқа мерзімде олар қалпына келтіріледі және бұрынғыдан да көркейе түседі. Енді бұл менің тікелей міндетім және әрине, Үкіметтің жауапкершілігі.

Осы сәтті пайдалана отырып, террористік агрессияның нысанына айналған қалалардың тұрғындарына көңіл айтқым келеді.

Бүгін, сол қаралы күндер артта қалған кезде, Ішкі істер министрлігінің арнайы жасақтарының террористік агрессияның бетін қайтарудағы ерлігін атап өткім келеді. Мысалы, Алматы қаласында полицияның шағын тобы полиция департаментін басып алмақ болған бандиттердің шабуылын екі түн қатарынан тойтарып отырды.

Қиын-қыстау кезеңде Қорғаныс министрлігі мен Мемлекеттік күзет қызметінің әскери қызметшілері де абыроймен көзге түсті. Бірақ бәрі бірдей өзінің борышына адалдық танытқан жоқ.

Бірқатар қалада Ұлттық қауіпсіздік комитеті департаментінің басшылары жеткілікті әскери арсенал болғанына қарамастан, қызметтік ғимараттарды ондағы қару мен құпия құжаттармен бірге соғыссыз тастап кетті.

Енді алғашқыда атқаратын жұмыстың бағытын айқындап бергім келеді. Бірінші. Антитеррорлық қимылдарды табысты аяқтау қажет. Азаматтарымыздың қалаларда, елді мекендерде және ауылдарда жақындары мен балаларын уайымдамай жұмыс істеп, еркін жүріп-тұрып, оқи алуы үшін құқықтық тәртіпті толықтай қалпына келтіру керек.

Жалпы, контртеррористік операцияның негізгі фазасы аяқталды. Еліміздің барлық өңірінде ахуал тұрақты. Осыған байланысты ҰҚШҰ-ның бітімгершілік күштерінің негізгі миссиясы сәтті аяқталды деп мәлімдеймін. Екі күннен кейін ҰҚШҰ-ның бірлескен бітімгершілік контингентін кезең-кезеңмен шығару басталады. Контингентті шығару процесі 10 күннен аспайды.

Екінші. Содырлар мен олардың бейбіт тұрғындарға қарсы қылмыстарға қатысы бар сыбайластарын түгел тауып, жазалау керек. Лаңкестік шабуылдардың артында кім тұрғанын тыңғылықты анықтау өте маңызды.

Тағы бір өзекті мәселе – содырлардың жасырын «ұяшықтары» мен олардың командалық пунктін қызметі не себепті мемлекеттің назарынан тыс қалды? Неліктен еліміздің аумағында осыншама заңсыз қару мен арнайы құралдар бар болып шықты? Терроризм нысандарын анықтау мен бейтараптандыру бойынша агентура жұмысы неліктен жүргізілмеді? Арнаулы жедел тереу тобы өз жұмысын сапалы әрі толық көлемде атқарып, трагедияның барлық себебі мен мән-жайын ашуы керек.

Үшінші. Қаза болған тәртіп сақшыларының, әскери қызметшілер мен қарапайым азаматтардың отбасына көмек көрсету – біздің қасиетті борышымыз. Бұл мәселе менің жіті бақылауымда болады. Тұрғын үймен, оқумен және басқа да қажетті нәрсемен қамтамасыз етеміз.

Төртінші. Қысқа мерзім ішінде қираған дүние-мүлікті қалпына келтіру керек. Толығымен қалыпты өмірге ораламыз. Қаржы жүйесі мен көлік саласының, азық-түлік жеткізу ісін еш кедергісіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет. Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тапшылығын, бағаның негізсіз көтерілуін болдырмау маңызды. Үкімет комиссиясы өз жұмысын бастап кетті. Ол азаматтар мен бизнеске қолдау көрсетеді. Мемлекет қаржылай көмекпен қатар, кәсіпкерлерге басқа да қолдау түрлерін ұсынады. Атап айтқанда, несиелер бойынша пайыздық төлемдер, айыппұл мен өсімпұл белгілеу тоқтатыла тұрады.

Бесінші. Еліміздің қауіпсіздігін нығайту және қауіп-қатердің алдын алу үшін шұғыл шараларды жүзеге асыру қажет. Біз сарбаздарды, әскери техника мен қару-жарақты қажетті жерге жедел жеткізу үшін әскери-көлік авиациясы паркін толықтыру ісін қолға аламыз.

Мемлекеттік шекараны нығайтуымыз керек. Көші-қон, соның ішінде ішкі көші-қон саласын тәртіпке келтіретін кез келді. Қару-жарақ айналымын мұқият тексеріп, оны заң тұрғысынан реттеу қажет. Шұғыл түрде қираған ғимараттар мен арнаулы техниканы жөндеп, бейнебақылау жүйесін іске қосып, құқық қорғау органдарының қызметін қалпына келтіру керек.

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің барлық жүйесін түбегейлі қайта құру сынды стратегиялық міндетке ерекше тоқталғым келеді. Қарулы күштеріміздің, құқық қорғау құрылымдарымыздың, Ұлттық қауіпсіздік органдарымыздың, сыртқы барлау қызметтеріміздің жұмысын қайта құру қажет. Олардың барлығы бір мақсатқа – кез келген сипаттағы және ауқымдағы қатер кезінде азаматтарымызды, конституциялық құрылымды, егемендікті барынша тиімді қорғауға жұмыла жұмыс істеуге тиіс. Мұны мемлекетіміздің негізгі мүдделері талап етеді. Бұл міндетті шешу үшін келесі басымдықтарға назар аудару қажет.

Біріншіден, құқық қорғау жүйесін реформалауға шұғыл түзетулер енгізу қажет. Біз полицияның сервистік моделін құру және қылмыстық процесті жаңғырту ісінде біршама ілгеріледік. Бірақ жаппай террористік шабуылдарға қарсы тұруға дайын болуымыз керек. Күштік құрылымдардың қолбасшылары жаңа жауынгерлік дағдыларды шыңдауға, қорғаныс пен шабуылдаудың тиімді құрал-жабдықтарымен жабдықтауға шұғыл кірісуі қажет.

Екінші. Ұлттық ұланды сан мен сапа тұрғысынан нығайту. Өңірлерде оның жаңа бөлімшелерін жасақтап, бар бөлімшелерді күшейту, көліктік және материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелерін шешу қажет.

Ішкі істер министрлігінің арнаулы мақсаттағы құрылымдарының және Ұлттық ұланның санын ұлғайтып, әскери дайындығын күшейту керек. Қажетті материалдық-техникалық жабдықтармен қосымша жарақтандыру қажет. Бүкіл күштік құрылымдардағы арнаулы бөлімшелер қызметкерлерінің жалақысы көтерілсін.

Үшінші. Полицейлердің құқықтық қорғалуын арттыру. Билік өкілдеріне шабуыл жасау мен заңға бағынбайтындар үшін жауапкершілікті күшейту қажет.

Төртінші. Әскердің жауынгерлік қабілетін арттыру. Қысқа мерзімде Арнаулы операция күштері қолбасшылығын құру.

Бесінші. Шекара қызметінің ұйымдастыру және басқару принциптерін қайта қарау керек. Мемлекеттік шекараны әскери қорғаудан жедел жұмыс әдістеріне баса назар аудартқан реформаларға ревизия жүргізу.

Алтыншы. Сыртқы, әскери, қылмыстық және қаржылық барлауды қоса алғанда, барлау қызметін толықтай құру қажет.

Жетінші. Түрлі күш құрылымдары арасындағы тиімді үйлестіруді қамтамасыз ету керек. Дағдарыс жағдайындағы мемлекеттік органдардың іс-қимылдарының алгоритмдері өзектендіріліп, ведомствоаралық үйлестіру күшейтілуі қажет. Барлық күш құрылымдарының жедел және әскери-техникалық сәйкестілігін жолға қою керек.

Сегізінші. Қарулы күштердің өздігінен шешім қабылдай алуын қамтамасыз ету, басшыларының жауапкершілігін күшейту қажет.

Тоғызыншы. Діни экстремизмге қарсы күресте жүйелі іс-шаралар кешенін іске асыру. Олардың криминалмен, әсіресе қылмыстық-атқару мекемелерінде сыбайласып кетуіне мүлдем жол бермеу керек. Таяуда Қауіпсіздік кеңесінің отырысын өткіземіз. Ол жерде жоғарыда айтылған жайттар ортаға салынып, шешу жолдары қаралады.

Қайғылы жағдай негізінен күрделі әлеуметтік-экономикалық мәселелер мен кейбір мемлекеттік органдар жұмысының тиімсіздігі, нақты айтқанда, олқылығы салдарынан болғанын мойындау керек. Жеке атқарушы органдардың күрделі жағдай мен азаматтардың қажеттіліктерінен айтарлықтай алшақтауы байқалды. Билік құрылымдарының өкілдері халықтың өміріне, олардың ұмтылыстары мен қажеттіліктеріне қатысты қате көзқарас қалыптасты.

Теңсіздік мәселесі де ушыға түсті. Ол жылдан-жылға қиындай берді, ал халық табысы қағаз жүзінде болса да жыл санап өсіп жатқандай көрінді. Алайда елеулі орташа табыстың артында қоғамдағы мүлдікті күшті жіктелу жасырынып жатыр. Азаматтардың көптеген күрделі проблемасы шешілген жоқ.

Халықты сапалы өмірмен қамту мен әл-ауқатын жақсарту – мемлекеттің басты міндеті. Бұл сөздерді шынайы іске айналдыру қажет. Халықтың табысы экономикамен қатар өсуі керек. Бұл өзгермейтін аксиома біздің жағдайымызда жұмыс істемей тұр.

Елде құрылған әлеуметтік-экономикалық жүйе жалпы ұлттық табысты арттыруда өзінің тиімділігін көрсетті. Бірақ оны бөлісуде тиімсіз екені аңғарылды. Мұны бәріміз жақсы түсініп отырсыздар.

Экономикалық өсуден негізінен қаржылық және олигархиялық топтар пайда тауып отырды. Қалыптасқан олигополиялар еркін нарықтың дамуын айтарлықтай шектеп, елдің бәсекеге қабілеттілігін төмендетті.

Ең алдымен, еліміздің жаңа экономикалық тұғырын қалыптастыруды мықтап қолға алу қажет. Экономикалық саясатымыздың мақсаты – айқын. Бұл – заман талабына сай әлеуметтік бағдары бар нарықтық экономика құру және дамыту.

Бұл жүйенің өзегінде қоғам алдындағы жауапкершілігін сезіне білетін кәсіпкерлеріміздің ауқымды тобы тұратыны анық. Яғни бұл – өзінің және балаларының тағдырын Қазақстанмен ғана байланыстыратын кәсіпкерлер.

Дәл осындай кәсіпкерлер ел болашағы үшін өзіне жауапкершілік алуға дайын. Сол себепті, кәсіпкерлікті дамыту үшін жүйелі жұмыс атқару өте маңызды. Мен бизнеске түскен бюрократиялық салмақты айтарлықтай азайтып, оның өсіп-өркендеуіне жол ашатын заңға қол қойдым. Үкімет осы заңның әлеуетін нақты іс жүзінде пайдалануы қажет.

Мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігі мен қолжетімділігі туралы көптеген әділ сұрақтар туындап жатыр. Қалыптасқан жүйе негізінен ірі құрылымдарға «достарға – бәрі, қалғандарына – заң бойынша» қағидатымен қызмет көрсетуге бағдарланған. Шын мәнінде қазіргі жүйе экономикадағы олигополияны одан әрі күшейтеді. Ірі кәсіпорындар бәсекелестікті тұншықтырып, реформаны тоқтататын ерекше артықшылықтарға ие.

Мысалы, Қазақстан даму банкі қаржы-өнеркәсіптік және құрылыс топтарынан өкілдік ететін таңдаулы тұлғалардың жеке банкіне айналды. Бәрінің аты-жөнін білеміз. Жоғары кабинеттерге кіре алатынын пайдаланып, олар өз жобаларын іске асыруда артықшылық алып отыр. Бұл жобаларға кеткен мемлекеттің қаражатын шағын және орта бизнеске жұмсауға болатын еді.

Үкіметке Қазақстан даму банкінің қызметін қайта құруды тапсырамын. Мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну үдерістері ашық емес әрі тиімсіз болып отыр. Бұл тәсілдерді түбегейлі қайта қарау керек. Бұл түсінікті әрі ашық тетіктер болуы қажет. Өңірлерде шағын және орта бизнесті дамытуға ерекше көңіл бөлген жөн.

Әділ бәсекелестік біздің экономика үшін басты талапқа айналуға тиіс. Бүгінде бағаны ымыраласта отырып белгілеу қалыпты нәрсеге айналды. Мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордың сатып алу саласында картельді келісімдер жасасу кеңінен тарап кетті. Мысалы, мен былтыр фармацевтика нарығындағы картельді ретке келтіруді тапсырдым. Бірақ кейбіреулер заңнамадағы кемшіліктерді желеу етіп, бұл жұмысты аяқсыз қалдыруға тырысуда. Сондықтан картельді келісімдер жасасты деген күдік болған жағдайда мемлекеттік сатып алуға қатысушыларды тексеруге тыйым салу туралы мораторийдің күшін жоюды тапсырамын.

Келесі мәселе. Жылдан-жылға біздің азаматтарымыз бен кәсіпкерлеріміз жанар-жағармай өндіру және оны бөліп-тарату жүйесінің ашық болмауынан зардап шегіп келеді. Тіпті жанар-жағармай бағасын жарты жыл бойы қолдан реттеуге мәжбүр болып отырмыз.

Осы кезеңде Бас прокуратура Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен, сондай-ақ Энергетика министрлігімен бірлесіп, осы саладағы жұмыстарды ретке келтіруге, оны реформалау үшін кешенді ұсыныстар әзірлеуге тиіс. Егер бұл жұмыс бір жолға қойылмаса, жанар-жағармай бағасын реттеу жүйесі сақталады.

Келесі мәселе – «Самұрық-Қазына» қоры қызметінің тиімділігі. Бүгінде бұл қордың активі еліміздің ішкі жалпы өнімінің 60 пайызына жуықтайды. Яғни осы ұйымның тиімді қызметі бүкіл экономикамызды өркендетуге тікелей әсер етеді. Қордың КЕГОК, Қазақгаз және Қазақстан темір жолы сияқты инфрақұрылымдық компаниялары экономикамыздың барлық дерлік секторының тиімділігін айқындайды.

Осы тұста, қор өзінің негізгі міндетін орындап отыр ма, яғни ұлттық байлықты еселей алды ма деген орынды сұрақ туындайды. Қомақты жалақы алатын қызметкерлері, директорлар кеңесі немен айналысады? Қызметі өте қымбат консалтинг компанияларын және шетелдік мамандарды жұмысқа тартқаннан пайда бар ма?

«Самұрық-Қазына» қоры еліміздің стратегиялық активтерін басқару ісінде басты рөл атқарады. Сондықтан Үкіметке Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен бірлесіп, квазимемлекеттік секторды түбегейлі реформалау үшін ұсыныстар әзірлеуді тапсырамын. Егер Қорды реформалау мүлдем мүмкін болмаса, ондай құрылымның экономикамызда болмағаны жөн.

(Жалғасы. Басы 1-2 беттерде)

Қордың сатып алуларының ашықтығына қатысты мәселелер бар. Шағымдар жиі түседі. Осы мәселелердің міндетті түрде жауабын табу керек. Әсіресе, мемлекеттік сатып алуды бір тараппен ғана келісімшарт жасауға мүмкіндік беретін негіздерді азайту маңызды. «Самұрық-Қазына» қоры мен басқа да ұлттық компаниялардың сатып алулар тәртібін қайта қарастыру міндеті алда тұр. Былтыр реттелетін сатып алулар туралы заң шықты. Алайда мәселелердің көбі бұрынғыдай заңға тәуелді актілер мен Қордың өз шешімі деңгейінде шешілуде. «Самұрық-Қазына» ережелері мен рәсімдерін Қаржы министрлігі мен Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен келісуді қамтамасыз ету керек. Экономикалық өсім мемлекеттің экономикадағы үлесін азайтумен тығыз байланысты. Бірақ жекешелендіру жүйелі және ашық жүргізіліп жатқан жоқ. Атап айтқанда, бәсекелестік ортаға берілуге тиіс активтерді іріктеу тәсілдері айқындалмаған. Оны шұғыл әзірлеу қажет. Үкіметке Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен бірлесіп, тиісті Мемлекеттік комиссияны жекешелендіруге қатысты шешімдерінің толық ашық әрі айқын болуын қамтамасыз етуді тапсырамын. Экономиканы әртараптандыру – күрделі міндет. Әртараптандыру болмаса, азаматтарымыздың әл-ауқатын арттырып, тұрақты жұмыс орындарын ашу мүмкін емес. Бұл жұмыстың басты бағыты – өңдеу өнеркәсібін дамыту. Дегенмен ел экономикасындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі айтарлықтай өсті деп айтуға келмейді. Біз әлі күнге дейін бірқатар өнім түрінен импортқа тәуелдіміз. Жыл өткен сайын еліміздің төлем балансында өткір тапшылық байқалуда. Алюминийден, мыстан жасалған дайын бұйымдар және машина жасау саласына қажетті жабдықтар әлі күнге дейін шетелден әкелінеді.

2020 жылдың қорытындысы бойынша тек мұнай-газ және тау-кен машина жасау саласының импорты 4 миллиард доллардан асты. Әлде еліміздегі кейбір адамдар ахуалдың дәл осындай күйде болуына мүдделі ме? Үкімет бүкіл өнеркәсіп саласына терең талдау жұмысын жүргізуге тиіс.

Шикізат қорын, құзыреттері мен экономикалық тиімділікті ескере отырып, бәсекеге қабілетті секторларды анықтау керек. Жүргізілген талдаудың негізінде нақты жобаларды әзірлеп, инвесторларды тарту қажет. Бұл – Үкіметтің жаңа құрамының алдында тұрған басты міндеттердің бірі.

Келесі. Кәсіпкерлер мен жалпы қоғам тарапынан «Оператор РОП» деп аталатын компанияның қызметіне қатысты көптеген сұрақ туындап отыр. Тіпті осы жеке компанияға қарсы қоғамдық қозғалыс ұйымдастыруға дейін жетті. Үкіметке «Оператор РОП» ЖШС-ның утильдік алым жинау мен пайдалануын тоқтату бойынша шара қабылдауды тапсырамын. Мұнымен шет елдердегідей мемлекеттік ұйым айналысуы керек. Алымдардың өзіне келсек, олардың ставкасы қайта қаралғын жөн. Мемлекеттің утилизациялау, автомобильдік өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы машиналарын жасауға қолдау көрсетуін ешкім тоқтатқан жоқ. Бұл мәселені бизнеспен және қоғаммен конструктивті түрде талқылау керек.

Отандық автокөлік пен ауыл шаруашылығы техникасын сатып алушыларға утильдік алым есебінен ваучер беру мәселесін қарастырған жөн. Осы және өзге де утильдік алым қаражатын қоғамға пайдамен жарату тәсілдерін қарастырыңыздар.

Біздің қоғамды, әсіресе елорда тұрғындарын тітіркендіретін демесек, қатты алаңдататын тағы бір мәселе – ЛРТ құрылысы. Ол кәдімгі инфрақұрылымдық жобадан елдің абырой-беделіне нұқсан келтіретін күрделі проблемаға айналды. Орасан зор қаражат жұмсалды, қарыз алынды. Шетелдік әріптестер алдында ауқымды келісімшарттық міндеттемелер қабылданды. Бұл жоба әу бастан қателік еді, оны мойындау керек. Оған қоса, бұл жобадан күшті жемқорлықтың иісі шығады.

Енді оңтайлы шешім қабылдау қажет. Себебі оны жай ғана бұза салу уақыт пен ақшаны жоғалтуды білдіреді. Бізде отандық және шетелдік сәулетшілер мен урбанистерді шақырып, жобаны пайдаланудың ықтимал нұсқаларын анықтаудан басқа таңдау жоқ.

Ауыл шаруашылығына ерекше назар аудару керек. Соңғы жылы елімізде қуаңшылық болды. Былтырға қарағанда жиналған астық көлемі 4 миллион тоннаға кеміді. Бұл шикізатпен және жемшөппен қамтамасыз ету ісіне әсер етті. Болжам бойынша биыл да ахуал күрделі болуы мүмкін. Үкімет тұқыммен, жем-шөппен, тыңайтқышпен қамтамасыз ету мәселелерін және егін егу науқанын қатаң бақылауда ұстауға тиіс.

Субсидияны тұрақты беруге қатысты мәселе жиі көтеріледі. Мен бұған дейін субсидиялау тәсілдерін қайта қарау қажеттігі туралы тапсырма берген болатынмын. Бұл жұмыс қысқа мерзім ішінде атқарылуға тиіс. Біз субсидия алуды жеңілдетуге, оның қолжетімді болуын және ашықтығын қамтамасыз етуге тиіспіз.

Жуырда болған заң бұзушылықтардың

қайталануына жол бермеу маңызды. Алдағы үш жылда азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін түбегейлі шешу қажет. Бұл Үкімет пен әкімдердің алдында тұрған негізгі басымдық екеніне айрықша назар аударамын. Егер нарықта азық-түлік тауарлары мол болмаса, инфляцияны ұстап тұруға ешқандай шара көмектеспейді.

Макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін бюджет кірістерінің қосымша көздері қажет. Шикізат бағасының жоғары болуына байланысты тау-кен өнеркәсібі саласындағы кәсіпорындардың кірісі өсті. Мұны білеміз.

Үкіметке бюджетке қосымша кірістер мәселесін пысықтауды тапсырамын. Есесіне жаңа кен орындарын барлау мен игеруге ауқымды жеңілдіктер беруге болады. Мен ірі тау-кен және басқа компаниялар туралы айтып отырмын.

Қолайлы нарық жағдайында бензин өндірушілер мен әртүрлі делдалдар қосымша пайда алады. Осы маржаның бір бөлігін акциздер арқылы бюджет пайдасына алу қажет деп санаймын. Үкімет тиісті есептеулер жүргізуі керек. Бұл ретте бағаның өсуіне жол бермеу қажет.

Бюджет кірістерін арттырудың айтарлықтай әлеуеті кеденде тәртіп орнатумен байланысты. Әсіресе Қытаймен шекарада.

Онда болып жатқан нағыз былықтар бәріне мәлім. Машиналар тексерілмейді, салықтар мен баждар төленбейді. Қытайдың кеден органдарымен салыстырмалы статистикадағы сәйкессіздік миллиардтаған долларға жетеді. Қол сұғылмайтын мәртебесі бар «уәкілетті операторлар» бар. Еліміз салық түрінде ондаған миллиард теңге жоғалтып отыр. Бұлай болмайды.

Бас прокуратураға Қаржы министрлігімен, Қаржы мониторингі агенттігімен және басқа да мүдделі органдармен кешенді тексеру жүргізіп, кедендік шекарадағы тәртіпті қамтамасыз етуді тапсырамын.

Бюджет кірістері туралы айтқанда, шығыстардың жекелеген баптарына тоқталмауға болмайды.

Үкімет мүшелері мен депутаттардың, әкімдердің еңбекақыларына тоқталайын. Өткен жылдың соңында бұл мәселе қоғамда қызу талқыланды. Негізгі аталған санаттағы мемлекеттік қызметшілердің жалақысы толығымен жеткілікті деп санаймын. Сондықтан Үкімет мүшелерінің, өңірлер әкімдерінің және депутаттардың жалақысын көтеруге бес жылдық мораторий жариялауға болады деп есептеймін.

Бұл Мәжіліс депутаттары үшін жақсы жаңалық емес екенін түсінемін, бірақ сіздер бұл жаңалықты түсіністікпен қабылдайсыздар деп ойлаймын. Әкімшілік мемлекеттік қызметшілер мен бюджеттегілердің еңбекақысын бюджет мүмкіндіктерінің өсуіне қарай арттыруды жалғастырамыз.

Қаржы жүйесінің тұрақтылығы ұлттық экономиканы одан әрі дамытудың кепілі екені белгілі. Экономика өсіп, халықтың табысында алшақтық пайда болғандықтан, тұтыну несиелері айтарлықтай артты. Оның мөлшері бизнесті несиелеу көлемінен асып кетті. Халық қазіргі уақытта көп несие алып жатыр. Осыны ескерсек, бұл қаржы нарығын құбылтып, әлеуметтік тұрақсыздық қаупін тудыруы мүмкін.

Үкімет жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң жобасын әзірлеуді бастады. Бірақ бұл тығырықтан шығатын жол емес. Ең алдымен, шектен тыс қарыздың көбеюін болдырмау қажет. Сондықтан Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне Ұлттық банкпен бірлесіп, пруденциалды реттеу тетіктері арқылы нақты әрі жедел шешім қабылдауды тапсырамын.

Валюта нарығындағы тұрақтылықты қамтамасыз етпейінше тұрақты экономикалық өсім мүмкін емес. Орын алған оқиғалар, төтенше жағдай режимі салдарынан ұлттық валютаға айтарлықтай алаяқтық қысым тәуекелі туындады. Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне нарықтың сыртқы және ішкі қатысушылары тарапынан теңгеге сенім толықтай қайта қалпына келгенге дейін валюта нарығының тұрақтылығын қамтамасыз етуді тапсырамын.

Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру мақсатында жалақы мен зейнетақыны бірнеше рет көтердік. Бірақ әрдайым бағаның бақылаусыз өсуімен бетпе-бет келеміз. Бірнеше жыл бойы жоғары инфляция экономикамыздың басты проблемасы болып отыр. Ол экономикалық және әлеуметтік саясаттың тиімділігін төмендетеді. Бұл мәселеге нүкте қоятын кез келді. Бағаны және халықтың инфляциялық күтуін тұрақтандыру керек.

Инфляцияны төмендету бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілуге тиіс. Мақсатты дәлізі – 2025 жылға қарай 3-4 пайыз. Үкімет Ұлттық банкпен және «Атамекен» палатасымен бірлесіп, инфляцияны бақылау жөніндегі кешенді іс-шаралар әзірлеуі қажет. Ол импортқа тәуелділікті, артық делдалдықты төмендету және ақша-несие саясаты құралдары бойынша іс-шараларды қамтуы керек.

Қазақстанда тікелей шетел инвестициясын

тарту үшін барлық жағдай жасалған. Біз қолайлы инвестициялық ахуалдың сақталғанына мүдделіміз. Мемлекет ішкі және шетелдік инвесторлардың сенімін қайта қалпына келтіру үшін қажетті барлық іс-шараны қабылдайтындығына сендіргім келеді. Инвесторлар алдындағы мемлекеттің барлық міндеттемесі мен кепілі толық көлемде орындалатын болады. Дәл осы кезеңде жаһандық энергетикалық және технологиялық өту – ESG талаптарының күшеюі жағдайында елдің тартымдылығын арттыру үшін инвестициялық саясаттың жаңа тұжырымдамасы қажет.

Келесі мәселеге жекелей назар аударғым келеді. Төтенше жағдай режимінің енгізілуіне байланысты жекелеген қаржылық-өнеркәсіптік топтардың капиталды шетелге, оның ішінде жалған мәмілелер жасау жолымен жылыстату тәуекелі артып тұр. Біз қазірдің өзінде жекелеген тұлғалардың есепшоттарындағы қозғалысты байқадық. Сондықтан Ұлттық банкке Қаржылық мониторинг және қаржы нарығын реттеу агенттігімен бірлесіп, нақты бақылауды қамтамасыз етуді, барлық транзакциялар мен елден қаражатты негізсіз шығарған тұлғаларды тексеруді және бақылауға алуды тапсырамын.

Сөзімнің экономикалық блогын түйіндей келе, бүгін біз жаңа Премьер-Министрді тағайындағанымызды, оған бірқатар нақты тапсырма жүктелгенін атап өткім келеді.

Премьер-Министрге үш аптаның ішінде Үкіметтің 2022 жылға арналған іс-қимыл жоспарын әзірлеуді тапсырамын. Оны ақпан айының басында Үкіметтің кеңейтілген отырысында қараймыз.

Дүние жүзінде коронавирустың жаңа толқыны басталды. Қазақстанда науқастардың күрт өсуі байқалады. Күніне 2 мыңнан астам жаңа жағдай тіркеледі. Пандемия басталғалы бері вирус жұқтырғандар саны 1 миллионнан астам адамды құрады. Сондықтан босаңсымай, коронавируспен күресті жалғастыру маңызды. Бұл да жаңа Үкіметтің басты міндеті болуы керек.

Енді өңіраралық теңгерімсіздіктер туралы. Қазақстанның өңірлері бірдей деңгейде дамып жатпағаны баршаға аян. Теңсіздік әлеуметтік жайсыздық пен миграциялық көңіл күйге жол ашады. Соңғы оқиғалар батыс және оңтүстік өңірлерде халықты еңбекпен қамтудың өзекті мәселелерін көрсетті. Бұл өңірлерде бала туу деңгейі жоғары, ал экономика өңір тұрғындарын жұмыспен қамтып үлгере алмай жатыр. Сондықтан жүйелі индустрияландыру, шағын және орта бизнеске көмек көрсету, аталған облыстарда қызмет көрсету саласын дамыту өңірлік емес, ұлттық басымдық болмақ.

Дамудың мәдени-ағартушылық құрамдас бөлігін де ұмытпау керек. Білімді азаматтардың еліміздің түкпір-түкпірінде бәсекеге қабілеті артып, табысқа жетуге және лайықты өмір сүруге мүмкіндіктері молайды. Үкіметке аталған өңірлер үшін «Ауыл – ел бесігі», «Бизнестің жол картасы» және басқа бағдарламалар аясында жекелеген бағыттар әзірлеуді тапсырамын.

Әрі қарай. Жасыратыны жоқ, көбіне кей өңірді қолдау деңгейі тұрғындардың нақты сұранысына емес, нақты бір өкімнің «салмағына» байланысты. Бұл дамудағы теңгерімсіздікке және азаматтардың наразылығына әкеледі. Олардың көпшілігі, әсіресе шикізаттық өңірлердің тұрғындары бюджеттік ресурстарды бөлуде өз облыстарына көбірек назар аударылғанын қалайды.

Бұл өңірлер бюджеттің доноры бола тұра, әлеуметтік-экономикалық дамудың көптеген параметрі бойынша артта қалып келеді. Сондықтан тәсілдерді біртіндеп өзгерту керек. Бюджетаралық қатынастарды түбегейлі реформалаудың уақыты жетті. Үкіметке заңнамалық өзгерістер пакетін әзірлеуді тапсырамын.

Мемлекеттік басқару саласы кешенді реформалауды қажет етеді. Кадрлық әлеуеттің төмендігін, формализмді, жемқорлықты және кадр тұрақтамауын мойындау керек. Сондықтан халықтың мемлекеттік билік институттарына сенімі төмен.

Мемлекеттік қызметке алу талабын жетілдіру, артық талаптар мен кедергілерді жою керек. Жұмысқа қабылдау мен жоғарылатудың нақты принципін «меритократия» болуы керек. Мемлекеттік қызмет кез келген қазақстандық үшін ашық болғаны жөн.

Сондай-ақ мемлекеттік қызметтен кету процесін де жеңілдету керек. Кейбір шенеуніктер кабинетінде жылдар бойы тапжылмай отырады. Олар жас әрі перспективалы мамандардың өсуіне жол бермейді, мемлекеттік аппараттың тиімділігін төмендетеді. Ондай шенеуніктермен оңай қоштасу керек. Дегенмен мемлекеттік басқару аппаратына келсек, шенеуніктің институционалдық жады да маңызды мәнге ие. Барлық шенеунікті бірден жастармен ауыстыра салуға болмайды. Бұл жерде мейлінше қисынды қадам қажет.

(Жалғасы. Басы 1-2-3 беттерде)

Егер 60 жастағы шенеунік өз қызметін ойдағыдай атқарса, институционалдық жадқа ие болса, мемлекеттік қызмет үшін өте пайдалы болса, оны жұмыстан шығаруға болмайды. Яғни ақылға қонымды, сараланған көзқарас болуы керек. Үкімет пен Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне тиісті тетіктерді әзірлеп, енгізуді тапсырамын.

Мен «Президенттік жастар кадрлық резерві» жобасына бастама жасадым. Бұл – келешегі зор жастар үшін әлеуметтік лифт. Сонымен бірге жаңаша ойлауды қалыптастырудың, мемлекеттік аппарат жұмысына жаңа тәсілдерді енгізудің тетігі. Бұл тәжірибе жалғасын табады.

Менің тапсырмама сәйкес өткен жылы мемлекеттік аппараттың көлемі 15 пайызға қысқартылды. Мемлекеттік аппарат реформалардың қозғалтқышы және орындаушысы, азаматтарға маңызды мемлекеттік қызметтер көрсетеді, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Мемлекеттік аппаратсыз мемлекеттің өзі табысты өмір сүре алмайды.

Қазіргі кезеңде мемлекеттік қызметкерлердің санын оңтайлы деп санаған жөн. Жаңа Үкіметті тағайындауға қатысты барлық ұйымдастырушылық шешім қабылданғаннан кейін бұл санды орта мерзімді кезеңге бекіту қажет. Содан кейін байқаймыз. Мемлекеттік функциялардан бірте-бірте арылсақ, оларды бәсекелес ортаға көшірсек, демек мемлекеттік аппараттың көлемі де бірте-бірте азаяды.

Шенеуніктердің азаматтармен диалогының тиімділігі төмен екендігін айтып өткен жөн. Мемлекеттік орган басшылары халықпен сөйлесе алмайды, тіпті кейде қорқатын секілді. Үкімет мүшелері өңірлерге жиі шығуға тиіс. Ал өңір әкімдері әрбір елді мекен тұрғындарымен тұрақты кездесулер өткізуі керек.

Тағы бір мәселе – бюрократияның етек жаюы. Ол азаматтардың санасында мемлекеттік аппарат туралы баяу жұмыс істейтін немқұрайды машина деген әділ түсінік қалыптастырады. Бюрократия – реформалардың сапасыз орындалуының негізгі себептерінің бірі. Мұндай аурудан бәрімізге емделу керек.

Реформаның формасы емес, мазмұны басымдыққа айналуы қажет. Есеп үшін есеп беру, бақылау үшін бақылау жүргізу тәсілдері өткеннің еншісінде қалуға тиіс. Түпкі нәтиже процестен маңыздырақ. Өзін-өзі ақтамайтынды күрделендірілген және нақты шешімді баяулататын үдерістің бәрі жойылуы керек. Бүгінде мемлекеттік органдар тапсырмалардың мазмұнды іске асырылуына емес, бюрократиялық орындалуына бағдарланған. Формасы бойынша үлгілі, бірақ мазмұны жағынан нашар құжаттар әзірленіп жатыр. Негізгі интеграциялық жүйелердің бар болғанына қарамастан, меморгандар макулатураны қаптатап, мәнсіз хат алмасуын қояр емес.

Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің деректерін ресми және қағазбен дәлелдеуді қажет етпейді деп тану керек. Олай болмаса, цифрландыруды не үшін енгізіп жатырмыз? Цифрландыру сәнді ойыншық емес қой. Ол мемлекеттік аппарат функциясын орындау тұрғысынан пайдалы болуы қажет. Жиындардың көбін онлайн форматта өткізу керек. Мемлекеттік аппаратты бюрократсыздандырудың осы және өзге де шаралары жеке Жарлықта көрініс табатын болады.

Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің, Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттіктің функционалдарында мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыру және бюрократсыздандыру шараларын іске асыру мен мониторингтеудің нақты функцияларын қарастыру қажет.

Азаматтардың әл-ауқаты және әлеуметтік көңіл күйі мемлекеттің басты назарында болуы керек. Цифрлармен ойнауды қойып, нақты істерге көшетін кез келді. Мемлекеттік аппарат көп жағдайда «өзін-өзі тиімді жұмыспен қамтушылар», «ресми емес жұмыспен қамту» секілді терминдерді қолданып, жағдайды жасыруды жақсы көреді. Соның салдарынан көптеген адам жұмыссыздықпен бетпе-бет келіп, әлеуметтік қорғаусыз қалып жатыр.

Бұл әлеуметтік-еңбек саласын сапалы жаңартуды қажет етеді. Осы мақсатпен мынадай шараларды қабылдаған жөн. Халықтың табысын арттыру бағдарламасын әзірлеу қажет. Жұмыс нақты әрі әрбір азаматқа бағдарланған болуы керек. Басқарудың әр деңгейінде кедейлікті төмендетудің нақты көрсеткіштерін бекіту қажет. Жұмысқа орналастыруды қажет ететін азаматтардың нақты санын анықтау керек. Үкіметке «Атамекен» палатасымен бірге екі айдың ішінде халықтың табысын арттыру жөніндегі бағдарлама әзірлеуді тапсырамын. Үкіметке Әлеуметтік кодекстің уақытында қабылдануын қамтамасыз ету қажет. Осы құжат аясында әлеуметтік саясатты пандемия тәуекелдері мен қордаланған проблемаларды ескере отырып бейімдеуіміз керек. Әлеуметтік кодекс жаңа қоғамдық келісімнің негізгі элементіне айналуға тиіс.

Жұмыссыздықты, әсіресе жастар арасындағы жұмыссыздықты азайтуға ерекше көңіл бөлу керек. Жоғары оқу орындарын, колледждерді бітірушілер, әсіресе білімі жоқ жастардың тұрақты жұмысқа орналасу мүмкіндігі әрқашан бола бермейді. Біз мұны жақсы білеміз. Олар тапқан жұмысын істеп өмір сүреді. Кейбіреулер табыс іздеп, заң бұзуы мүмкін. Үкіметке «Жастар тәжірибесі» және «Алғашқы жұмыс орны» жобаларына қатысудың мерзімін созып, еңбекақысын көтеру мүмкіндігін қарастыруды тапсырамын. Халықтың әлеуметтік осал тобындағы жастардың іскерлік бастамаларын іске асыруға жағдай жасау маңызды. Үкіметке тиісті гранттардың мөлшерін 2 есеге – 400 айлық есептік көрсеткішке дейін көбейту жүктеледі. Келесі. Сапалы білімге қолжетімділікті арттыру сөзсіз басым бағыт. Бұл – бүкіл қоғам дамуының аса маңызды факторы. Біз мектептерді қалай материалдық жағынан қамтамасыз етсек те, білім сапасын жақсы мұғалімдерсіз көтеру мүмкін емес. Ұлы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «Мұғалім – мектептің жүрегі». Сондықтан мен мұғалімдер тапшылығы бар өңірлерге үздік педагогтерді тартудың арнайы қолдау пакеттері бар арнайы бағдарламасын әзірлеуді тапсырамын.

Жоғары білімнің қолжетімділігі де – көкейкесті мәселе. Елдің халық тығыз қоныстанған өңірлеріндегі жастарға арналған мақсатты гранттар бөлуге айрықша назар аудару қажет. Жаңа экономика құру үшін ЖОО-ның бәсекеге қабілетін арттыру маңызды. Таяуда Қазақстанда жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу басталды. Жақын арада Ресейдің үздік техникалық жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу жоспарланып отыр.

2025 жылға қарай елімізде беделді шетелдік жоғары оқу орындарының кем дегенде 5 филиалын ашу қажет деп есептеймін. Осы орайда, екі техникалық бағдарланған филиал еліміздің батысында болғаны жөн.

Жалпы, бәрімізге білім туралы көзқарасымызды өзгерту қажет. Гуманитарлық мамандықтармен әуестену кезеңі келмесе кетті. Басымдықты техникалық мамандықтарға беру керек. Инженерлер мен өнеркәсіпшілердің жаңа буынын өсіріп шығару қажет.

Келесі. Әлеуметтік әділдік те маңызды мәселенің бірі болып қала береді. Қазақстан – Конституция бойынша әлеуметтік мемлекет. Мемлекет аз нәрсе тындырып жатқан жоқ. Республикалық бюджеттің 50 пайыздан астамын әлеуметтік шығындар құрайды. Бірақ бұл жеткіліксіз.

Бізде Ұлттық қор бар, ол – еліміздің қаржылық тірегі. Бүгін «Қазақстан халқына» қоғамдық-әлеуметтік қорын құруды тапсырамын. Ол денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау салаларындағы өзекті мәселелерді шешумен айналысады.

Мысалы, сирек ауруға шалдыққан балаларға көмек көрсетіледі. Өйткені көптеген отбасы емдеу ақысын төлей алмайды. Қалаларда, аудандарда, кенттер мен ауылдарда балаларға спорттық нысандар салынады. Дарынды балаларға көмек көрсетеміз. Мәдениетті қолдаймыз. Алматының сұмдық қасіретті оқиғадан оңалуына көмектесеміз. Осы қор есебінен қаза тапқан полицейлер мен әскери қызметшілердің отбасыларына қолдау көрсетеміз. Бұл жекелеген мысалдар ғана.

Атап өтейін: бұл Президенттің, Үкіметтің немесе басқа мемлекеттік органның қоры емес. Бұл – барша қазақстандықтардың қоры, халықтық қор. Ол Әкімшіліктің немесе Үкіметтің жанында жұмыс істемейді. Беделді байқаушылар кеңесі құрылып, адал да жауапты басшы тағайындалады. Біз оның қызметінің толық ашықтығын, қоғам алдындағы есептілігі мен бақылануын қамтамасыз етеміз. Жоспарлар, бюджет, жобалар сайтта жарияланады. Барлық ақпарат ашық болады.

Қор жеке және мемлекеттік көздерден қаржыландырылады. Халықаралық қайырымдылық ұйымдарының көмегін тарту жоспарланып отыр. Бұл қорға лотерея операторынан, бәс тігу орталығынан және басқа монополистерден міндетті жарналар түседі. Әлбетте, біз Қорға ірі бизнес тарапынан қомақты әрі тұрақты, атап айтамын, тұрақты аударымдар жасалуын күтеміз.

Тұңғыш Президент – Елбасының арқасында елімізде өте табысты компаниялар мен тіпті халықаралық өлшемдер бойынша да бай адамдар тобы пайда болды. Енді Қазақстан халқына тиесіліні беретін және оған жүйелі әрі тұрақты негізде көмектесетін уақыт жетті деп есептеймін. Сондықтан Үкіметке компаниялар қатарын анықтау және олармен Қорға бөлінетін жыл сайынғы жарна көлемін келісу қажет болады. Сонымен қатар іс жүзінде орасан қаражатқа ие бола отырып, көлеңкеде қалып келе жатқан түлғалардың да белсенді қатысуын күтеміз. Қор қоғамды ұйыстырудың тағы бір құралы болатынына, азаматтарда әлеуметтік әділдік сезімін нығайтатынына сенімдімін.

Өткен оқиғалар қоғамымыздағы өткір мәселелердің бетін жалаңаштады. Қалаларымызға, тұғандарымыз бен жақындарымызға жасалған ша-

буыл мемлекетіміздің ең басты құндылықтарының – бейбітшілік пен тұрақтылықтың қаншалықты нәзік екенін көрсетті.

Біз мемлекет пен азаматтар, бұл біртұтас екенін айқын түсінуге тиіспіз.

Баса назар аударуды қажет ететін тағы бір мәселе бар.

Көптеген жас азаматымыз Қарулы күштер қатарында әскери борышын өтеуден қашады. Әскери билетке ие болу жастардың мақтанышын тудырмайды және Отанға қызмет етудің белгісі саналмайтын болды. Армия қатарында қызмет ету, құқық қорғау саласында жұмыс істеу – айрықша миссия.

Бұл – Отан үшін жанын салуға бел баған азаматтардың саналы таңдауы.

Жастарымызды әскери борышын өтеуге қалай ынталандыруға болатынын біз бүкіл қоғам болып ойластыруымыз керек. Біз – мықты халықпыз.

Төл тарихымызда талай жаугершілік заманды, ашаршылықты және басқа да алапат қиындықты бастан өткердік.

Соңғы күндердегі қайғылы оқиғалар біз үшін тағы бір сынақ болды. Оны еңсеріп, бұрынғыдан да мықты боламыз.

Жалпы, мемлекет пен қоғамның арасындағы өзара қарым-қатынасты трансформациялау қажеттілігі пісіп жетілді.

Қоғамдық шарттың жаңа форматы керек. Қазақстан саяси жаңғыру бағытын жалғастырады. Бұл менің қағидатты ұстанымым.

Саяси салада аз шаруа істелген жоқ. Менің тарапымнан саяси реформалардың төрт пакеті ұсынылды, соларды жүзеге асыру аясында 10-нан астам заң қабылданды. Бұл орайда мен өте жедел әрі сапалы жұмыстары үшін Сенат пен Мәжіліс депутаттарына аса ризамын.

Митингтер туралы шын мәнісінде жаңа заңнама іске қосылды.

Партия құру үшін тіркеу кедергілері мен олардың Парламентке өту межесі төмендетілді.

Әйелдер мен жастардың Мәжіліс пен мәслихаттарда өкілдік ету аясы кеңейді.

Парламенттік оппозиция институты енгізілді, сайлау бюллетеньдерінде «бәріне қарсымын» деген баған пайда болды. Ел тарихында тұңғыш рет ауыл әкімдерін тікелей сайлау өтті. Адам құқығын қорғау саласында салмақты ілгерілеулер болды. Атап айтқанда, Қылмыстық кодекстің 130 және 174-баптары декриминалдандырылды және ізгілендірілді. Еліміз Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактінің Екінші Факультативтік хаттамасына қосылды.

Құқық қорғау саласын кешенді жаңғыртуға бағытталған «Қазақстан Республикасының адам құқықтары саласындағы әрі қарайғы шаралары туралы» Жарлыққа қол қойылды.

Адам құқықтары жөніндегі уәкілетті өкіл институты жүйелі нығайтыла бастады. Өлім жазасы толығымен алынып тасталды.

Қыркүйектегі кезекті Жолдауымда азаматтық қоғаммен және сарапшылармен кең ауқымды және сындарлы диалог негізінде әзірленетін саяси реформалардың жаңа пакетін ұсынамын.

Мемлекет те өзінің базалық функцияларының толыққанды және сапалы орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.

Мемлекет заңдылықтың сақталуына және құқықтық тәртіпке, азаматтардың қауіпсіздігі мен меншік құқықтарының қорғалуына кепілдік беріп, әлеуметтік игілікті және сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге тиіс. Өз кезегінде бизнес пен азаматтар қоғамдық мінез-құлық нормалары мен заңнамаларының сақталуына, салықтардың әділ төленуіне және еңбек қатынастарындағы ашықтыққа жауапты. Осыған байланысты кезең-кезеңді өзгерістер бағдарламасын әзірлеу керек.

Үкіметке жауапты сарапшылық қоғамдастықпен және азаматтық қоғаммен бірлесе отырып тиісті ұсыныстар пакетін әзірлеуді тапсырамын.

Ол Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің бір отырысында қаралатын болады.

ҚҰРМЕТТІ ОТАНДАСТАР, ҚҰРМЕТТІ ДЕПУТАТТАР!

Жақында болған қайғылы оқиғалар кезінде азаматтарымыздың басым көпшілігі патриоттық танытты, экстремистермен күресте бірлігін көрсетті. Халықтың ауызбірлігі, Қазақстанның тәуелсіздігі мен егемен даму идеясына деген шынайы сенімі қоғамды ұйыстыру және елімізді ілгерілету үшін қуатты іргетас болып саналады. Біз барлық қиындықты бірге еңсереміз. Жаңа Қазақстанды бірге құрамыз! Қадірлі отандастар! Қиын күндер артта қалды. Осы сәтте ел тағдыры үшін ұйыса білген бүкіл халқыма шынайы ризашылығымды білдіремін!

Бәріміз бұл оқиғадан сабақ алуымыз керек. Ең бастысы, береке-бірлікті, тыныштық пен тұрақтылықты сақтауымыз қажет. Енді Қазақстанда дамудың жаңа кезеңі басталады. Бұл шынайы жаңару кезеңі болады. Егемен елімізді бірге өркендетейік! Халқымыз үшін тәуелсіздік бәрінен қымбат.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ БІРГЕ ҚҰРАЙЫҚ!
egemen.kz

САПАЛЫ БІЛІМГЕ ҚОЛЖЕТИМДІЛІКТІ АРТТЫРУ СӨЗСІЗ БАСЫМ БАҒЫТ

Бұл – бүкіл қоғам дамуының аса маңызды факторы. Біз мектептерді қалай материалдық жағынан қамтамасыз етсек те, білім сапасын жақсы мұғалімдерсіз көтеру мүмкін емес. Ұлы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «Мұғалім – мектептің жүрегі». Сондықтан мен мұғалімдер тапшылығы бар өңірлерге үздік педагогтерді тартудың арнайы қолдау пакеттері бар арнайы бағдарламасын әзірлеуді тапсырамын.

Жоғары білімнің қолжетімділігі де – көкейкесті мәселе. Елдің халық тығыз қоныстанған өңірлеріндегі жастарға арналған мақсатты гранттар бөлуге айрықша назар аудару қажет. Жаңа экономика құру үшін ЖОО-ның бәсекеге қабілетін арттыру маңызды. Таяуда Қазақстанда жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу ба-

сталды. Жақын арада Ресейдің үздік техникалық жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу жоспарланып отыр.

2025 жылға қарай елімізде беделді шетелдік жоғары оқу орындарының кем дегенде 5 филиалын ашу қажет деп есептеймін. Осы орайда, екі техникалық бағдарланған филиал еліміздің батысында болғаны жөн.

Жалпы, бәрімізге білім туралы көзқарасымызды өзгерту қажет. Гуманитарлық мамандықтармен әуестену кезеңі келмесе кетті. Басымдықты техникалық мамандықтарға беру керек. Инженерлер мен өнеркәсіпшілердің жаңа буынын өсіріп шығару қажет, - деген Президенттің Білім саласы бағытындағы ойын, алдағы жоспарларын қолдаған аудан ұстаздары да өз ой-пікірлерін ортаға салады:

ЫНТЫМАҚ ТҮБІ — ИГІЛІК



Қазақстан Республикасының 30 жылдық тәуелсіздігінің ең ауыр қайғылы оқиғасы Қазақстан халқына одан әрі қарай да бейбітшілік пен татулықты сақтап, ынтымақтастықты ұстап, ата - бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қол жеткізген Тәуелсіздігімізді еліміздің бірлігі мен ынтымағында ғана екенің дәлелі. Қазақстан Республикасы әлемде татулығы мен ұлтаралық бірлігі жарасқан

ел ретінде танылған. Ел басына күн туғанда халық үшін жанын пиде етуге дейін барған керемет Президентіміз қамқорлығында Қазақстан деген мемлекетте өмір сүріп жатқан көп ұлт сіз бен біз бақыттымыз.

11 қаңтар күні Қазақстан халқына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен ҚР Парламенті Мәжілісінің отырысында халықтың әл-ауқатын көтеруге әлеуметтік – экономикалық бағытталған нақты тапсырмалар берілді. Ол халықты толғандырып жүрген әлеуметтік мәселелердің бәріне анық жауап берді, түбегейлі шешімдер қабылдады. Бұл қоғамның жаңа дәуірінің бастамасы. Президентіміз еліміздің қауіпсіздігіне баса назар аударылып, жаңа құрылатын үкімет мүшелеріне ел қауіпсіздігі мен конституциялық тәртіпті басты назарда ұстау керектігі нақты айтылды. Бүгінгі мемлекет басшысының баяндамасында білім саласына да баса назар аударылды. Қ.Тоқаев: «Біз мектептерді материалдық тұрғыдан жасақтап жатқанымызбен, мықты мұғалімдерсіз мектепті көтеру мүмкін емес» - деп баса айтты. Өңірлерге үздік мұғалімдерді тарту бойынша бағдарламалар құрастыруды тапсырды. Сонымен қатар қосымша 5 жаңа техникалық жоғары оқу орындарын ашып, жастардың санасын инженерлік бағытқа бұру жоспары ұнады.

Келесі үлкен жаңалық «Қазақстан халқына» әлеуметтік қоры құрылып, оның білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік көмекке бағытталатыны халық үшін қамқорлық деп есептеймін. Болашақта жақсы білім алып, еліміздің гүлденіп, көркеюіне өзіміздің қомақты үлесімізді қосамыз деп білемін.

Барлығымыз бейбіт заманда өмір сүруге лайықпыз. Сондықтан «ынтымақ түбі — игілік» дегендей ынтымағы жарасқан ел болайық! Жұмыла көтерген жүк жеңіл дегендей біз бәріміз Президент Қасым-Жомарт Кемелұлымен бірге болайық!

Сейтжан ШАЙМЕРДЕНОВ,
Тендік орта мектебінің директоры.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН АЛҒА

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Парламент Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөздері қазіргі таңдағы Қазақстанның дамуына жаңа да тың серпіліс берді. Президент айтқандай «Қасіретті қаңтар» оқиғасы тәуелсіз Қазақстан тарихындағы аса күрделі де қасіретті беттерінің бірі болды. Президент оқиғаның ербуіне нақты баға беріп талдап атап өтті.

Еліміздің дамуына нақты баға беріп, жаңа бағыттарды айқын атап өтті. Өз сөзінде еліміздің ішкі және сыртқы саясатына тоқталып талдау жасап өтті. Президент Білім беру, денсаулық сақтау салаларына ерекше тоқталғаны білім беру салаларындағы қызметкерлерге жаңа серпін әкелетініне үлкен сенім бар. «Мұғалім мектептің жүрегі» деген Президент мұғалімдерге деген мемлекет қамқорлығын баса айтты. Ол-шындық. Шынымен де мен осы бағытта барлық ұстаздар балалардағы білімге деген талап, ынтымақ, құштарлық отын сөндіріп алмайық. Еңбек қуанышы еңбеккер адамның мақтанш сезімін осы оттың тұтанар бірден-бір көзі дегім келеді. Шәкірттеріміздің білімділігі, ұстаздардың мәртебесі көтерілуіне де себебін тигізеді. Ұстаз мәртебесін жоғары ұстап, Президенттің ойымен бір болып, еліміздің жас жеткіншектерінің өз елінің нағыз патриоттары болуына ат салысайық. Жаңа заманда бәсекеге қабілетті жоғары білім беру орындарының көп болуы еліміздің болашағын ойлаудың бір жолы. «Қазақстан халқына» қорының құрылуы денсаулық сақтау, білім беру, балалар денсаулығын үлкен қолдау көрсететіні айқын. Балалар үшін қалаларда, шағын қалаларда спорт кешендерін салу болашақта мықты, денсаулығы жақсы балаларды қалыптастыру, елдің болашағын ойлау. Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі десек, шәкірті де қоғамда өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек.

Қазақстанның болашағын дамытуға нақты қадамдар көрсеткен жолдауды біз ұстаздар қауымы қолдаймыз. «Жаңа Қазақстанды» құруға бәріміз бірдей еңбек белсенділігін көрсетейік. Елімізде тыныштық, татулық, болашағымыз айқын болсын.

Қанат ТІЛЕУТАЙ,
№ 5 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі.



БІЗ БІРГЕ БАРЛЫҚ ҚИЫНДЫҚТЫ ЕҢСЕРІП, КӨЗДЕГЕН МАҚСАТЫМЫЗҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗЕ АЛАМЫЗ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Үкімет мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатын, оның қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігі мен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін бірінші кезекте жауапты болады. Үкіметсіз мемлекет болмайды, сол себепті жаңа Премьер-Министрді шұғыл тағайындау және Үкімет құрамын бекіту қажеттілігі туындады. Бұл ретте еліміздің жоғары басшылығы Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі өздерінің конституциялық міндеттерін халық мүддесі үшін нақты және үйлесімді орындады.

2. Әлихан Смайыловтың еліміздің Премьер-Министрі болып тағайындалуы негізді шешім. Оның мемлекеттік қызметте үлкен тәжірибесі бар, мемлекеттік органдарда айтарлықтай сенім ресурсы бар саяси қайраткер. Дәл осындай адам қазір мемлекет пен қоғамға қажет.

3. Әлихан Смайыловтың кандидатурасын ұсыну кезінде Мемлекет басшысы тек халықтың мүддесін ғана басшылыққа алды. ҚР Парламенті Мәжілісіндегі саяси партиялардың фракциялары Қ.К. Тоқаевтың шешімін бірауыздан қолдады. Енді Үкімет халықтың сенімін ақтап, жинақталған әлеуметтік және экономикалық проблемаларды жоспарлы түрде әрі тиімді шешуге тиіс.

4. Бүгінгі отырыста Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев болашақ міндеттер мен одан әрі дамудың жаңа перспективаларын белгіледі. Сонымен қатар, Президент бәрін қалпына келтіруді жеке жауапкершілігіне алатыны, сол арқылы жаңа міндеттер мен реформаларды іске асыруға толық дайын екендігін ерекше атап өтті. Президент ел дамуының барлық негізгі бағыттары бойынша іске асырылып жатқан жобаларға сыни және кешенді талдау жасады.

5. Алматы трагедиясы қауіпсіздік проблемасын өзекті етті. Өздеріңіз білетіндей, өмір қауіпсіздігі қоғамның негізгі қажеттілігі болып табылады. Осыған байланысты ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың алдына еліміздің күштік құрылымдарын реформалау бойынша бірқатар міндеттер қойды.

6. Негізгі міндет – азаматтарды, конституциялық құрылымды және мемлекет мүддесін қорғау. Күштік құрылымдарды түбегейлі реформалау бағытын іске асыруды қамтамасыз ету үшін Президент тұтастай алғанда күштік құрылымдардың, атап айтқанда арнайы мақсаттағы күштердің жауынгерлік әзірлігі мен жарақтандырылуын арттыру жөнінде тапсырма берді. Мемлекет басшысының айтуынша, полицияның құқықтық қорғалуын да күшейту маңызды. 7. Құқық қорғау органдары мен Қарулы күштерді күшейту, реформалау бойынша барлық шаралар халықты сыртқы қауіп-қатерден қорғауға бағытталған. Сондықтан Президент шекара қызметін күшейтудің және діни экстремизмге қарсы іс-қимыл жұмыстарын жандандырудың маңыздылығын ерекше атап өтті.

8. Мемлекет басшысы ҚР Парламенті платформасында Қазақстан халқына үндеу жолдады. Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде елдің жаңа үкіметі мен мемлекет органдары жүзеге асыратын әлеуетті міндеттер мен жұмыс бағыттарын атап өтті.

9. Екі күннің ішінде ҰҚШҰ одақтастарынан бітімгерлік миссияны шығару басталады және оған белгілі бір уақыт қажет, шамамен 10 күндей. Осы шаралардың қорытындысы бойынша елімізде құқықтық тәртіп пен азаматтардың құқықтарын қорғау толық қамтамасыз етіледі.

10. Мемлекеттік билік жүйесі «қатемен жұмыс» істеуі керек. «Күштік құрылымдар экстремистік ұяшықтардың пайда болғанын қалай және неліктен байқамай қалды» деген сұрақтың жауабын табу керек. Мемлекет басшысы құқық қорғау құрылымдарының жұмысына шұғыл түзету енгізу қажеттігіне ерекше назар аударды.

11. ҚР Президенті еліміздің жаңа экономикалық саясаты алдағы кезеңде, ең алдымен, барлық қазақстандықтың өмір сүруі мен әл-ауқаты жоғары деңгейде болуын қамтамасыз етумен байланысты екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев осы мақсатта Қазақстан Даму Банкінің жұмыс форматын елдегі шағын және орта бизнесті дамытуға көмектесетіндей қайта қарауды ұсынды. Жалпы, қазіргі уақытта Қазақстан қоғамы Мемлекет басшысының шешімдері төңірегінде топтасуы қажет. Күшіміз - бірлікте. Біз бірге барлық қиындықты еңсеріп, көздеген мақсатымызға қол жеткізе аламыз.

Тайынша аудандық ішкі саясат бөлімінің ақпараты.

БАРЛЫҚ МІНДЕТ ІСКЕ АСЫРЫЛАДЫ

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Мәжілісінің отырысына қатысып, жаңа Премьер-Министрдің кандидатурасын ұсынды, сондай-ақ саяси және әлеуметтік-экономикалық салалардағы өзекті мәселелерді шешу бойынша нақты міндеттер қойды. Президент көтерген тақырыптар мен сұрақтар бүкіл қоғамға қатысты. Алдағы болатын реформалар қазақстандықтардың өміріне үлкен өзгерістер әкеледі. Құқық қорғау органдарының реформасы болашаққа деген сенімділікті оятады. Екі ай ішінде халықтың табысын арттыру жөніндегі бағдарлама қабылданатыны қуантады, бұл Қазақстан тұрғындарының әл-ауқатының деңгейіне мүмкіндік береді. Сапалы білімге қолжетімділікті арттыру ел үшін, сөзсіз, басымдық болып табылады. «Бұл бүкіл қоғам дамуының маңызды факторы. Біз мектептерді материалдық жағынан қаншалықты қамтамасыз етсек те, жақсы мұғалімдерсіз білім сапасын көтеру мүмкін емес. Сондықтан мұғалімдердің жетіспеушілігі бар өңірлерге үздік педагогтерді тарту бойынша қолдау шараларының арнайы бағдарламаның тиісті пакетін әзірлеуді тапсырамын», - деді президент. Президент сондай-ақ азаматтардың әл-ауқаты мен олардың әлеуметтік жағдайы әрқашан мемлекеттің басты назарында болуға тиіс

екенін атап өтті. Дамудың мәдени-ағартушылық құрамдас бөлігін де ұмытпау керек. Білімді азаматтардың еліміздің түкпір-түкпірінде бәсекеге қабілеті артып, табысқа жетуге және лайықты өмір сүруге мүмкіндіктері молаяды. Үкіметке аталған өңірлер үшін «Ауыл – ел бесігі», «Бизнестің жол картасы» және басқа бағдарламалар аясында жекелеген бағыттар әзірлеуді тапсырамын, - деген Президенттің алғы сөзі шынымен де жанымызға жақын тиді. Жаңаша заман талабына сай Бағдарламалардың қоғамдағы орны, әрине, ерекше. Жаңа жұмыс орындары пайда болып жатса, халықтың да жағдайы жақсарары сөзсіз. Әлеуметтік кодексті қабылдау жаңа қоғамдық шарттың негізгі элементі болуға тиіс. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың елдегі қалыптасқан жағдайға байланысты қабылдаған шешімдердің барлығы бірден-бір дұрыс және дер кезінде қабылданған шешімдер деп санаймыз, және, біздің Президентіміздің басшылығымен Парламент Мәжілісінің отырысында белгілеген барлық басымдық міндеттер іске асырылады деп сенеміз!

С. Е. ҚҰРМАНҒАЛИЕВА,
орталық аудандық кітапхананың қызметкері.

ТАЙЫНША АУДАНЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕЛЕРДІҢ СЕҢІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

1. «СҚО Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ	22-9-81
2. «СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі» КММ	21-4-70
3. «СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің дене тәрбиесі және спорт бөлімі» КММ	22-1-69
4. «СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» КММ	22-6-97
5. «СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ	79-0-47
6. «СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі» КММ	23-4-18
7. «СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ	23-8-76
8. «СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» КММ	23-6-31
9. «СҚО Тайынша ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобильдік жолдар бөлімі» ММ	22-5-37
10. «СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» КММ	23-5-09
11. «СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» КММ	21-7-45
12. «Абай ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	76-7-85
13. «Алабота ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	75-1-97
14. «Амандық ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	42-6-71
15. «Большеизюм ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	32-5-25
16. «Донецк ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	74-2-35
17. «Драгомиров ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	55-3-33
18. «Зеленогай ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	77-3-73
19. «Келлер ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	51-2-03
20. «Киров ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	32-1-48
21. «Краснополян ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	54-2-17
22. «Летовочное ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	52-3-10
23. «Мироновка ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	79-0-22
24. «Рощинск ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	53-7-48
25. «Теңдік ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	42-0-01
26. «Тихоокеан ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	77-1-18
27. «Чермошнян ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	38-2-40
28. «Чкалов ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	70-2-75
29. Яснополян ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	73-3-94
30. «Тайынша қаласы әкімінің аппараты» КММ	22-8-05

Бұл телефондар арқылы мемлекеттік қызметкерлердің Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің Этика Кодексін бұзуы және сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар жасау фактілері туралы хабарлауға болады. «СҚО Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ www.tsh.sko.gov.kz

ТАЙЫНША АУДАНЫНЫҢ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫЛЫҒЫМЕН 2022 ЖЫЛҒЫ 1 ТОҚСАНҒА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Аманбаев Арғын Қошқарбайұлы - Тайынша ауданының ПБ бастығының міндетін атқарушысы полиция майоры - дүйсенбі-жұма 10.00 сағаттан 13.00 сағатқа дейін, 14.30 сағаттан 18.00 сағатқа, сенбі 10.00 сағаттан 16.00 сағатқа дейін.

Ыбыраев Дәурен Мәуліұлы - Тайынша ауданының ПБ бастығының жедел жұмыс жөніндегі орынбасары полиция подполковнигі - дүйсенбі-жұма 10.00 сағаттан 13.00 сағатқа дейін, 14.30 сағаттан 18.00 сағатқа, сенбі 10.00 сағаттан 16.00 сағатқа дейін.

Қасенов Қайрат Серікбайұлы - Тайынша ауданының ПБ бастығының тергеу жөніндегі орынбасары полиция подполковнигі - дүйсенбі-жұма 10.00 сағаттан 13.00 сағаттан 16.00 сағатқа дейін.

Нұрахметов Марат Әмірханұлы - Тайынша ауданының ПБ бастығының кадр саясат жөніндегі орынбасары полиция подполковнигі - дүйсенбі-жұма 10.00 сағаттан 13.00 сағатқа дейін, 14.30 сағаттан 18.00 сағатқа, сенбі 10.00 сағаттан 16.00 сағатқа дейін. тел: 22-8-75

КӘСІБИ УЛАНУДЫҢ ЖАЛПЫ ПРОФИЛАКТИКАСЫ

Кәсіби интоксикацияның профилактикасының негізгі міндеті - жұмысшылардың денесіне улы заттардың түсу қаупін жою немесе едәуір төмендететін шаралар жүргізу болып табылады. Осыған байланысты ең тиімдісі - улануды өндірістік процестен толығымен жою. Егер улануды толығымен жою мүмкін болмаса, оны аз улы заттармен алмастырудың маңызы зор, мысалы, жоғары ұйтты заттардың қоспаларында (бензол, дихлорэтан және т. б.) аз ұйтты (бензин, лигроин және т. б.), ал метил спиртін басқа спирттермен алмастыру және т. б.

Кәсіби уланудың профилактикасы өндірістік процестерді технологиялық рационализациялау үлкен маңызға ие - жабдықтар мен коммуникацияларды герметизациялау, вакуумдық процеске көшу, үздіксіз өндіріс әдістері, тиеу мен түсіруді механикаландыру, өндірістік процестерді басқару мен бақылауды автоматтандыру, осы процестерді қашықтан басқару, жабдықты уақтылы жоспарлы және профилактикалық жөндеу, сондай-ақ цехтардың тиісті санитариялық жағдайы.

Атап айтқанда, жұмыс үй-жайларының қабырғалары, едендері мен төбелері улы заттарды сіңірмейтін материалдардан жасалуы және тазалауға оңай қол жетімді болуы тиіс. Егер өндірістік процесс кезінде аппараттардан улы заттар бөлінетін болса, оларды пайдалану сору шкафтарында немесе сору желдеткіші бар басқа құрылғыларда жүргізілуі тиіс. Жергілікті сору құрылғыларынан басқа, цехтардың улы заттармен ластанған ауасын жою үшін жұмыс үй-жайларына таза ауаның келуін қамтамасыз ететін жалпы желдеткіші болуы қажет. Технологиялық процесті барынша ұтымды етуге және қажетті санитариялық-техникалық іс-шараларды жүргізуге қарамастан, өндірістік үй-жайлардың ауасына әлі де ұйтты заттар енетін жағдайларда, олардың жұмыс аймағының ауасындағы ең көп құрамы ұзақ әсер еткен кезде де адам

ағзасында патологиялық өзгерістер туғызбайтын концентрациялардан аспауға тиіс. Кәсіби уланудың алдын алуда жеке профилактика шаралары үлкен рөл атқарады: сенімді жеке қорғаныс құралдарын ұтымды пайдалану (тиісті брендтердің газ маскалары, арнайы жұмыс киімдері), жұмысшылардың дененің, қолдың, киімнің және т.б. тазалығына қатысты жеке гигиена талаптарын мұқият сақтау. Химиялық өндіріске кіретін барлық жұмысшыларды санитариялық оқыту және қауіпсіз жұмыс әдістерін үйрету үлкен маңызға ие. Кәсіби улану жағдайларының алдын алу кезінде улы заттармен байланысы бар жұмысқа кіретін адамдарды міндетті алдын-ала медициналық тексеру және осы адамдарды кейінгі мерзімді медициналық тексеру үлкен рөл атқарады. Мерзімді медициналық тексерулер жүргізу кезінде жұмысшылардың денсаулық жағдайына динамикалық бақылау жүзеге асырылады, бұл кәсіби уланулар мен ауруларды ерте тануды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Кәсіптік ұйттанудың ерте нысандарымен ауыратын адамдардың тиісті ұйтты заттармен тұрде қысқа мерзімде қажетті емдеу-алдын алу іс-шараларын жүргізу жолымен емделуге қол жеткізуге болады. Неғұрлым тұрақты патологиялық өзгерістер дамыған кезде науқастарды аурудың өршуіне қауіп төндірмейтін басқа жұмысқа ауыстыру қажеттілігі туындайды. Мерзімді медициналық тексерулер кәсіби интоксикацияның ерте формаларын анықтап қана қоймай, әрбір анықталған науқас үшін қажетті емдеу-алдын алу шараларын жүргізуді қамтамасыз етеді, сонымен қатар тиісті цехтарда белгілі бір сауықтыру шараларын өткізу қажеттілігін анықтау үшін құнды материал береді.

Анар ШАРИПОВА,
Тайынша аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысының м.а.

* * * * *

ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ЖЫЛДАМ ӘРІ ЫҢҒАЙЛЫ

Қазіргі уақытта мемлекеттік қызметтерді көрсету мемлекеттік органдар қызметінің маңызды және стратегиялық міндеті болып табылады. Көрсетілетін қызметтердің сапасын арттырудың негізгі бағыттарының бірі барлық қызметтерді электронды форматқа көшіру болып табылады. Мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету мәселесінің өзектілігі мемлекеттік қызметтердің адам өмірінің барлық салаларын және бүкіл кезеңін қамтитындығымен түсіндіріледі. Жыл сайын мемлекеттік қызметтерге сұраныс артып келеді. Бұл салаға қызығушылықтың артуы оны заңнамалық деңгейде реттеу қажеттілігін тудырды, бұл мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш беру тәртібін жеңілдету мақсатында көптеген мемлекеттік қызметтер «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы арқылы электрондық өтініш беру арқылы өтініштерді беруді қарастырады. Бұл функция ЭСҚ бар барлық Интернет пайдаланушыларына қолжетімді.

Қазіргі уақытта халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы келесі мемлекеттік қызметтерді көрсетеді:

- 1) «Эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және гигиеналық нормативтерге сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру»
- 2) «Тамақ өнімдерін өндіру (дайындау) объектісіне есептік нөмірін беру»
- 3) «Қоршаған ортаға, санитариялық-қорғау аймақтарына және санитариялық-қорғану аймақтарына, шикізат пен

өнімдерге зиянды заттар мен физикалық факторлардың рұқсат етілген шекті шығарындылары мен рұқсат етілген шекті төгінділері туралы нормативтік құжаттардың жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру»;

2021 жылдың өткен кезеңінде Тайынша аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасымен 67 мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде: 45-эпидемиологиялық маңыздылығы жоғары объектінің сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру, 22- жобаларға санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру. Бұл қызметтер электронды форматта көрсетіледі, бұл өз кезегінде қызмет алушылардың мемлекеттік органдармен тікелей байланысын болдырмайды.

«Электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы қызмет алушының артықшылықтары: уәкілетті органдардан құжаттарды жинаудың қажеті жоқ, кезек күтпеу, кез келген уақытта өтініш беру мүмкіндігі.

Халықты ақпараттандыру, олардың мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы құқықтық сауаттылығын арттыру мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыруда, заңнаманың бұзылуына жол бермеуде және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда бірдей маңызды міндет болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қатысты сұрақтар пайда болған жағдайда қосымша ақпарат алу үшін Тайынша аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына Тайынша қаласы Почтовый бұрылысы 16 немесе 8 (71536) 2-12-91 телефонына хабарласуға болады.

Анжела КАДЫРЖАНОВА,
Тайынша аудандық СЭБ басқармасының әдіскері

ПРОФИЛАКТИКА ЧЕСОТКИ

Чтобы заразиться чесоткой, не обязательно разводить дома антисанитарию или общаться с бездомными - достаточно взяться, например, за ручку двери, за которую до вас брался инфицированный человек.

Чтобы не заболеть чесоткой необходимо:

1. Пользоваться индивидуальным нательным и постельным бельём, одеждой, полотенцем.
 2. Регулярно мыться, с обязательной сменой белья, снятое бельё нужно стирать в горячей воде, гладить.
 3. Не пользоваться чужими мочалками, перчатками, игрушками и другими вещами.
 4. Постоянно содержать в чистоте руки, ногти.
 5. Регулярно проводить уборку жилых помещений.
- Соблюдать установленный санитарный режим в банях, душевых.

Соблюдая меры личной гигиены и гигиенические нормы, Вы сможете обеспечить себя и своих близких.

Надежда ТЕРЕХОВА,
«Тайынша аудандық СЭБ» РММ жетекші маманы .

ҚЫШЫМАНЫҢ ПРОФИЛАКТИКАСЫ

Қышымамен ауыру үшін үйде антисанитариялық жағдай жасау немесе үйсіз адамдармен араласудың қажеті жоқ - мысалы, жұқтырған адам сізден бұрын алған есіктің тұтқасынан ұстау жеткілікті. Қышымамен ауырмау үшін сізге:

1. Жеке іш киім мен төсек жаймаларын, киімдерді, сүлгілерді пайдаланыңыз.
2. Жүйелі түрде жуыну керек, төсек-орынды міндетті түрде ауыстыра отырып, алынған төсек-орынды ыстық сумен жуып, үтіктеу керек.
3. Басқа адамдардың қол жуғыштарын, қолғаптарын, ойыншықтарын және басқа заттарды қолданбаңыз.
4. Қолдарыңыз бен тырнақтарыңызды әрқашан таза ұстаңыз.
5. Тұрғын үй-жайларыңызды үнемі тазалаңыз. Моншаларда, душтарда белгіленген санитариялық режимді сақтау. Жеке гигиена шаралары мен гигиеналық нормаларды сақтай отырып, Сіз өзіңізді және жақындарыңызды қамтамасыз ете аласыз.

Өзіңізге қамқорлық жасаңыз және сау болыңыз!

Құрметті Тайынша ауданының тұрғындары! Төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 53 «Тайынша таңы» аудандық газетінде жарияланған 2022 жылғы қаңтар-ақпанда барлық деңгейдегі әкімдердің халық алдындағы есептерінің желілік кестесі жарамсыз деп танылсын. Барлық деңгейдегі әкімдердің халық алдында есеп беру уақыты мен орны туралы қосымша хабарланатын болады.

• **Күшіміз бірлікте**

ЕЛДІК СЫНҒА ТҮСКЕН СӘТ...

Түп тарихымызда түркі баласына тегін келген, арғы ата жолында алаш жұртына арзанға түскен ештеңе болған жоқ. Біз бәрінің өтеуіне қанымыз бен жанымызды берген халықпыз. Басымызды бәйгеге тігіп, байрағымызды алған жұртпыз. Егесіп жүріп, егемен болған елміз.

Тәуелсіздік бізге төбеден түсе салған, төтеннен келе салған сый емес, тағдырдың тезінен, тозақтың өзінен өткен тарлан елдің Тәңір берген еншісі еді. Азаттықтың алмағайып жолына қарасаң, ағараңдап жатқан ата-бабаңның сүйегін, шәйт кешкен ерлердің семсердің жүзінде кертіліп қалған кегін көресің. Енді, міне, қаңтардың қаралы күндерінің бізге қаншалықты қымбатқа түскенін қарасаңызшы! Орында бар оңалар, бізге қымбатқа түскен бүлінген дүние емес қой, тәйірі, бауырдың кесілген басын, баланың қанды жасын, қарындастың төгілген арын, аңырап қалған ата-ананың зарын немен өтей аламыз?

Күңтізбелік жаңа жылды қарсы алып, ескі жылға есіркесін айтып, жаңа жылға жарылқасын айтып, жайбарақат жатқан ел едік. Еліміздің батысында бейбіт шеру басталды. Басалқалы жұртпыз ғой, шерушілер бейбіт түрде талабын қойды, билік бас бұрды, ел тілеуі ескерілді, халық қалауы қанағаттандырылар дедік. Бірақ, бір-ақ сәтте бүлік бұрқ ете қалды. Бұрын-соңды мұндайды көрмеген бейбіт елдің берекесі қашты. Ұлыс ішін үрей кезді. Мыңдаған халық шерулетіп, оған еліміздің барлық аймағы үн қосып жатты. Әлеуметтік мәселелерді айтумен басталған шеру мен әділеттілік сұраған жұрттың жанайқайын әп-сәтте бұзақылардың бүлігі басты. Аймақ алқындырды. Алматы абыржытты. Жегідей жемқорлыққа қыстығып жүрген өкпе, жүйеге деген сенімсіздік, ширғып тұрған, шемен боп қатқан шер лықсып келіп, шерумен бірге лақылдап сыртқа шықты. Ымыраға келмес, ырыққа көнбес ызаның ызбары қаңтардың ызғарымен бірге жан-жүрегімізді қарыды. Ақылшы ашу жеңді. Көңілі күпті көппен бірге көргенімізден шошынып, естігенімізден есіміз шығып отырды.

Көшелі мәселенің көшеде шешілмейтінін көз көрді. Бейбіт шеру басқа сипат алып кетті. «Көсемсігендер» көсеуге, кейбір ереуілшілер «есерге» айналды. Оны шерушілердің өзі де аңғармай қалды. Шеруге шыққан адамдар ереуілдің алдында айғайға сүрен қосып, адам өлтіріп, мекемелерді өртеп, дүкен тонап жүрген бөтен адамдардың бөгде пиғылын кеш түсінді. Тіпті сұрапыл соғыстың өзінде медицина қызметкерлері мен журналистерге оқ атылмайтын еді. Сұрқай соғыстың өзінде бозбаланың басы кесіліп, бесіктен белі енді шыққан бала өлтірілмейтін еді. Жалдамалы жаналғыштар жайпап өтті. Оларды елдің қамы да, ұлттың арманы да, мемлекеттің мүддесі де ойландырған жоқ. Аңғал халықтың көңіл күйін қалауына қарай пайдаланып кеткен содырлар алдын-ала ұйымдастырылған жоспары бойынша әрекетке көшті. Ұлттық қауіпсіздігіміз бен мемлекеттік тұтастығымызға қатер төнді. Төбемізге тұтқан тәуелсіздігіміздің бір-ақ сәтте ұсымыздан сусып, талықсып кеткенде тәтті түстей бұлдырап, көзімізден бұл-бұл ұшарын ұқтық.

Халық – телегей теңіз ғой, тебіреніп, толқып, толысып жататын. Сол теңізді арна-арнаға бөліп, арандатқысы, жыра-жыраға бөліп, жырымдай отырып, жойқын қуатын жымсысқы мақсатына пайдаланғысы келген топтар жұмыс істеді. Сырттан келген сұрқия топтармен сыйбас, ым-жымы бір іштен шыққан жау жағадан алды. Дін атын жамылған адасқан ағымдар мен антын бұзғандар асыр салды, арамза пиғылын жүзеге асырғысы келіп, атойлап шапты. Тұтас елді ту-талақай етіп бөліп алғысы келді. Бүлікшілер билікті басып, төңкерісшілер тәуелсіздік туын таптап өтуге тырысты. Шауып бара жатқан аттың жалына жармасқысы келгендер жамырап жатты. Бүлік елдігімізге сына қакты, бірімізді біріміз түсінуден, тыңдаудан, сөзге тоқтаудан қалдық. Тұтқиылдан келген төтенше күштер тажалдай төнді, әбжыландай арбады. Бір-ақ сәтте өзіміздің қорғансыз екенімізді сезіндік.

Осынша опасыздық пен озбырлық қайдан шықты? Бұл бүлікшілер қайдан келді? Сырттан келген шегарадан қалай өтті? Іштен шыққандарды қалай аңғармай қалдық? Сұрақ көп. Оның бәріне жағдай тұрақтанғанда жауап табылады деп сенеміз. Ал қазір бір-бірімізге кінә артпай, ес жиып, етек жауып, елдігімізді қалпына келтіру қажет! Ол үшін жұрт болып жұмылып, тәуелсіздікті төңкерістен қорғап қалған, тығырыққа тірелген сәтте тізгінді қолға алып, тағдырлы шешімдер қабылдаған Президентіміздің жанынан табылып, толық қолдағанымыз абзал.

Елдігіміз сынаққа түсті, енді осы сәттен сабақ алуымыз қажет! Ерлеріміз еліміздің ертеңі үшін шәйт кешкен бұл қаралы күнді ешқашан ұмытпауымыз керек! Қанқұйлы қарақшылардың қолынан қаза тапқан, қыршын кеткен боздақтарымыз – біздің ұлттық батырларымыз! Осы тағзым мен тағылым күнінде тәуелсіздігімізге қауіп төндіретіндерге сес, өзімізге ес болу керектігін ұғынсақ, бұл түнектен серпіліп, осал тұсымызды ой елегінен өткізіп, бұрынғыдан да мықты болып шығатынымыз анық! Өйткені бізде басқа Отан да, басқа жол да жоқ!

Дархан ҚЫДЫРӘЛІ,
журналист.

ӨНІМ ҚАУІПСІЗДІГІ МОНИТОРИНГІ

Бірнеше жыл бойы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасымен Тайынша ауданының аумағында халық тұтынатын тауарлар өнімдерінің қауіпсіздігіне мониторинг жүргізеді – бұл не және ол не үшін қажет? Өнім қауіпсіздігінің мониторингі – бұл халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің, гигиеналық нормативтер мен техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімді анықтауға, әкелудің, өндірудің, қолдану мен өткізудің алдын алуға және жолын кесуге бағытталған іс-шаралар жүйесі; Зертханалық зерттеулер жүргізуді жүзеге асыру үшін өткізілетін өнімді сатып алу Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексіне сәйкес жүргізіледі. Дүкендердің сауда сөрелерінде ЕАЭО мүше-мемлекеттерінің, отандық өндірушілердің, үшінші елдердің өнімдері сатылады, ай сайын барлық елдердің өнімдерін бақылау мақсатында сатып алу жүргізіледі. Зерттеу үшін тауарлар сатып алуға қаржы қаражаты мемлекеттік бюджет қаражатынан бөлінеді. Аудан дүкендерінен сатып алынған өнім облыстың, республиканың Ұлттық сараптама орталығының аккредиттелген зертханаларына зертханалық-аспаптық зерттеулер жүргізуге жіберіледі, онда өнім микробиологиялық, паразитологиялық, бактериологиялық, санитариялық-гигиеналық және санитариялық-химиялық көрсеткіштерге зерттеледі. Мәселен, 2021 жылдың өткен 11 айында басқарма ауданның 22 бөлшек сауда объектісінде сатып алу жүргізді, 191 өнім түрі сатып алынды, оның ішінде сәйкес келмейтін 49 үлгі анықталды, бұл сатып алынған өнімнің жалпы санының 26,6% – ын құрайды. Өндіруші елдер бойынша отандық өндірушілердің өнімдері – 30 сынама, ЕАЭО мемлекеттерінің мүшелері – 140, басқа елдер – 21 сатып алынды. Тамақ өнімдері – 158 сынама (82,7%), тамақ емес 31 сынама (16,3%) сатып алынды және зерттелді. Сәйкес келмейтін өнімді өндіруші елдер арасында: отандық өндірушілер – 4, ЕАЭО елдері – 39, үшінші елдерден – 6. Өнімнің қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша – 2, физикалық-химиялық көрсеткіштер бойынша – 5, микробиологиялық көрсеткіштер бойынша – 2, таңбалау бойынша – 38, қауіпсіздік бойынша өзге көрсеткіштер бойынша – 2. Анықталған сәйкес келмейтін өнімдер бойынша кәсіпкерлерге бұзушылықтарды жою туралы 17 ұйғарым берілді. Ұйғарымдарға жауаптар берілді. Өз кезегінде өз денсаулығыңыздың және жақындарыңыздың қауіпсіздігі мақсатында сатып алуды таңдаған кезде Сіздің назарыңызды осындай көрсеткіштерге аударамын:

- өнімнің сыртқы түрі (тұтас болуы керек, сынған емес, таза және түбір иісі жоқ)

- таңбалау (өнім мемлекеттік және орыс тілдерінде болуы керек, өнім құрамының сипаттамасы, шығарылған күні және жарамдылық мерзімі, өндіріс мекен-жайы және өндірушінің атауы болуы керек). Сондай-ақ, өнімді таңдау кезінде маңызды сәт, егер ол сізге күдік пен сенімсіздік тудырса, онда сіз сатушыдан оған осы өнімнің қауіпсіздігі туралы сертификат немесе декларация көрсетуді сұрауға құқығыңыз бар.

Галина ТОЛСТОЛУЖИНСКАЯ,
Тайынша аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

КӘСІПКЕРЛЕР ОБЪЕКТІЛЕРІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРЕ БАСТАДЫ

Ұлттық кәсіпкерлер палатасының 1432 байланыс орталығына кәсіпкерлер тәртіпсіздік салдарынан келтірілген залал туралы ақпарат, фото және видеоларды жіберіп жатыр.

Сондай-ақ, жұмысын тезірек бастау үшін кәсіпорындарын өздері қалпына келтіріп жатқан кәсіпкерлер бар. Олар зардап шеккен бизнес тізілімінен шығуды шешіп, қалпына келтіру жұмыстарын бастап кетті. Осылайша, кәсіпорындар көмектен бас тартқаннан кейін алдын ала есеп бойынша жалпы шығын сомасы 103,7 млрд теңгеден 93,7 млрд теңгеге дейін азайды. Елдің 10 өңірінде 2023 нысанда орналасқан 1731 зардап шеккен бизнес субъекті анықталды, соның ішінде Алматы қаласында – 1869 нысанда орналасқан 1591 субъект. Зардап шеккен бизнес салалары: сауда – 1581; қоғамдық тамақтану – 48; қаржы секторы – 71; логистика – 26; БАҚ – 5. Байланыс орталығына барлығы 5750 қоңырау түсті, соның ішінде: мародерлік мәселелері бойынша – 2115, форс-мажор – 307, блок-бекеттер – 2, зардап шеккен кәсіпкерлерді қолдау қоры бойынша – 23, бизнесті қалпына келтіру және зардап шеккен мүлікті бағалау – 445, жеке тұлғалардан түскен қоңыраулар – 2085. Өңірлік палаталарға форс-мажор туралы куәлік алу бойынша 502 қоңырау және 89 өтініш келіп түсті. Еске салайық, зардап шеккен кәсіпкерлерге Алматы кәсіпкерлерінің бастамасымен құрылған «Күшіміз бірлікте» қорынан көмек көрсетіледі. Сондай-ақ, көмек көрсетуге ниет білдірген азаматтар мына реквизиттерді пайдалана алады:

«БанкЦентрКредит» АҚ; алушы: «Күшіміз бірлікте» қоғамдық бірлестігі БСН 220140002583 есепшоты: KZ268562203115072353 «БанкЦентрКредит» АҚ реквизиттері: БСК/БИК (SWIFT) КСВКЗХ БСН/БИН 980741000260 010000, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қаласы Есіл ауданы Қабанбай батыр даңғылы, 15 А.

«Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ; алушы: «Күшіміз бірлікте» қоғамдық бірлестігі БСН 220140002583 есепшоты: KZ52551Z128000206KZT «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ реквизиттері: БИК KSNVZKZA

* * * * *

СОТТАРДА ТАРАПТАРДЫҢ ТАТУЛАСУЫ

Татуласу келісімі бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттардағы сот шешім қабылдауға кеткенге дейін сот талқылауының кез келген сатысында, сондай-ақ сот актісін орындау кезінде жасалуы мүмкін. Татуласу келісімі басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұза алмайды және заңға қайшы келмейді, жазбаша түрде жасалады, Тараптар немесе олардың өкілдері сенімхатта арнайы алдын ала қарастырылған татуласу келісімін жасауға өкілеттіктері болған кезде қол қояды және оны сот бекітеді.

Судья медиацияны жүргізу барысында тараптардың берген өтініш хаттары судья медиатормен жасасқан шартты бірінші және апелляциялық сатылардағы соттарға ұсынған кезде іс бойынша іс жүргізу бір айдан аспайтын мерзімге тоқтатыла тұрады. Бірінші немесе апелляциялық сатыдағы судья медиацияны жүргізу туралы өтінішхатты берген кезде сот іс бойынша іс жүргізуді он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге тоқтата тұруға құқылы.

Тараптардың өтінішхаты бойынша медиацияны іс жүргізуінде іс болып жатқан судья жүргізуі мүмкін. Медиацияны жүргізетін судья медиация өткізетін күнді тағайындайды және тараптарға оның өткізетін уақыты мен орны туралы хабарлайды. Мәселен, бірінші сатыдағы сот азаматша Н., К. азаматшаға борыш соманы өндіріп алу туралы талап арыз бойынша азаматтық істі қарады. Сот судья медиатордың қатысуымен тараптар медиативтік келісім жасады. Тараптар арасында медиативтік келісім келесі шарттарда жасалады: талапкер жауапкерге қойылатын талаптардан бас тартуға міндеттенеді, жауапкер қарыз сомасын төлеуге міндеттенеді. Қарызды толық өтегеннен кейін тараптар бір-біріне шағым жасамайды. Осы медиативтік келісімдер бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда, тараптардың міндеттемелерді мәжбүрлеп орындау туралы атқару парағын беру туралы арызбен сотқа жүгінуге құқығы бар. Сот ұйғарымымен азаматтық іс бойынша дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім азаматша Н., К. азаматшаға борыш сомасын өндіріп алу туралы талап арыз бойынша бекітілді. Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқтатылды, талапкер төлеген мемлекеттік баж салығы толығымен сот ұйғарымымен қайтарылды.

Гүлдана ЕЛЕМЕСОВА,
Тайынша аудандық сотының бас маманы

БАҚЫЛАУШЫЛАРДЫҢ ТІЗІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША ТАҢДАУДЫ ЖҮРГІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

Тайынша ауданының Қоғамдық кеңесінің жаңа құрамын қалыптастыру үшін жұмыс тобының мүшелерін сайлау бойынша конкурсты ұйымдастыруға байланысты байқаушылардың тізімі іріктелді.

Жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурсты ұйымдастыруға байқаушылар таңдау үшін құжаттарды қабылдау мерзімі осы хабарландыру жарияланған күнінен бастап бес жұмыс күнін құрайды.

Жұмыс тобының отырысына байқаушы ретінде қатысу үшін байқаушы болуға ниет білдірген адам қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қоғамдық кеңесті құру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурсқа байқаушы ретінде қатысу үшін өтінішті ұсынады.

Өтінішті 151000, Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша ауданы, Тайынша қаласы, Центральный бұрылысы, 3 А пошта мекен-жайына немесе maslihat-tayynsha@sqa.gov.kz электронды поштаға жолдау қажет.

Анықтама үшін телефондар: 8(71536) 23072, 23485.



Қосымша

Кімге _____
(жергілікті өкілді органның атауы)

тұратын
(елді мекен, көше, үй, пәтер)

кімнен _____

(өтініш берушінің аты, жөні, тегі
(бар болған жағдайда),
жеке куәлік № _____,
берілді (қашан, кім))

Өтініш

Қоғамдық кеңесті құру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурсқа байқаушы ретінде өз кандидатурамды ұсынамын.

Мынадай құжаттар қоса беріледі:

- 1) _____
 - 2) _____
 - 3) _____
 - 4) _____
 - 5) _____
 - 6) _____
 - 7) _____
- 20__ ж. «__» _____

Өтініш берушінің қолы _____

ВЕТЕРИНАРЛЫҚ ДӘРІХАНА “Жуматов М.С.” ЖК


Сериясы ВП №000593 лицензия ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Солтүстік Қазақстан аумақтық басқармасымен берілген

ЖЕКЕ ВЕТЕРИНАРЛЫҚ ДӘРІГЕР

Сериясы ВП №004124 лицензия ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Солтүстік Қазақстан аумақтық басқармасымен берілген

Үй құстарына, атап айтсақ бройлер, үйрек және қазға арналған Ресейде өндірілген дәруменді жем-азықтарды сатады. Сатылымда құстар арасындағы инфекциялық ауруларға қарсы құралдар да бар.

Мекенжайы: Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 294 және Пролетар көшесі, 291-1 тел. 87779217555.



ҚЫЗҒА ҚЫРЫҚ ҮЙДЕН ТЫЙЫМ

Жалпы қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, көріктілік, ептілік, инабаттылық, кішіпейілділік,

- қазақ халқының әдет-ғұрпы арқылы қыз бала тәрбиесіне тән қасиеттерді бойына сіңіру болып табылады.

Қазақ халқы «Қыз» деген сөздің өзін әдеміліктің, әдептіліктің, инабаттылықтың, сұлулықтың белгісі деп таныған.

Халқымыздың халық ауыз әдебиетінде көптеген ақындарымыз қызға деген көптеген керемет суреттемелер берген.

Сондай-ақ қыз баланың ұқыптылығын, шеберлігін, сүйкімділігін, жанының нәзіктігін, өнер, білімге бейім тұратынын жоғары бағалап, оның ол қасиеттерін бейнелі сөздер арқылы ерекше көрсеткен. Мысалы: «Қыздың жиған жүгіндей», «Қыздың тіккен кестесіндей», «Қыз-елдің көркі, гүл –жердің көркі», «Жақсы қыз- жағадағы құндыз», «Қызы бар үйдің қызығы бар».

*Қыз емес, қыздың аты-қызыл алтын,
Көрінер туған айдай жүзі жарқын.
Үлкеннің алдын кесіп сөз сөйлемес,
Халқының сақтай білген ізгі салтын.
Қыз бала –бойжеткен, келін, ана,
Бәрі де дер кезінде дара тұлға.
Ұрпағынның ойласаң болашағын.*

Қызды сыйла, жамағат, қызды сыйла. Қазақ отбасының маңызды қызметтерінің бірі –тәрбие. Ата-ананың міндеті- жас ұрпаққа аға ұрпақтың әдет-ғұрпын, адамшылық, адамгершілік, инабаттылық, сыйлау қасиеттерін сіңіру. Әсіресе қазақ отбасында басқа ұлттарға қарағанда қыз бала тәрбиесі ерекше орын алады. Қазақ халқы қыз баланы ардақтып ұстаған, оның көңілін қалдырмаған, оған қарсы сөйлемеген, оны мәпелеп өсірген және де оны қатал ұстап, оның тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп қараған.

Ал, қыз бала тәрбиесінде ананың орны ерекше. Ана қыз бала тәрбиесінде әкеге қарағанда ерекше қызмет етеді. Қыз бала анаға бір табан жақын ғой. Басқа ұлтқа қарағанда біздің қазақ қыз –келіншектердің бойында ізеттілік, ар- ұят, ұялшақтық, үлкенге қызмет көрсету, үлкеннің алдын кесе- көлденең кесіп өтпеу, жан ашу қасиеттері басымырақ сияқты. Осындай қыз балаға тән қасиеттерді қызының бойына сіңіртетін ең бірінші – ол анасы. Қыз баланы жастайынан үй сыпыруды, яғни үйді таза ұстауға, төсек жинауға, ас пісіру, шай құю, кесте тігу, тағы басқа жанұяның үй жұмысына үйретуді анасы мен әжесі өз міндеттеріне алған.

КӨПШІЛІК НАЗАРЫНА!



Жалпы “Элеватор Тайынша” серіктестігі астықты қабылдап, оны кептірумен және сақтаумен айналысады. Енді қосымша элеватор төңірегінде тағы да бір жаңа жұмыс орны пайда болды. Құрамажем зауыты іске қосылды.

Алдағы уақытта “Элеватор Тайынша” кәсіпорнында үй жануарларының барлық түріне арналған құрамажем әзірленбек. Зауыт өнімдері әзірге облыс көлемінде, кейін Ресей еліне де шығуды жоспарлауда.

Алдағы уақытта құрамажем зауытының өнімдеріне деген сұраныс мол болатынына күмән жоқ.

Жаңа кәсіпорын ашылысымен 70 адам жұмысқа тұрды. Серіктестікте өнімдерді талдауға арналған арнайы зертхана да бар.

Бұл жерде майлы дақылдарға арналған элеватор қалпына келтіріліп, астық сақтауға арналған қойма да жаңартылған. Бұл жұмыс орнында, жалпы элеватор төңірегінде еңбек атқаруға барлық жағдай жасалынған. Осы бағытта қосымша мамандар қабылдау жұмыстары жүргізілуде. Сол қажет мамандықтарды көпшілік назарына ұсынамыз:

Тайынша қаласы, 50 лет Октября көшесі 49 мекен-жайында орналасқан «Элеватор Тайынша» ЖШС-не

қажетті лауазымдардың ТІЗІМІ:

Комбикорм зауытына жалпы 34 адам қажет, оның ішінде:

- Ауысым шебері 3 адам
- Механик 1 адам
- Технологиялық жабдықтаушының слесарь-реттегіші 3 адам

- Грануляторшы 3 адам
- Ұсатқыш 3 адам
- Диспетчер ЦПУ 3 адам
- Слесарь 3 адам
- Ыдысқа шикізат минералдық тиегіші 3 адам
- Газ электр дәнекерлеуші 1 адам
- Жабдықтаудың аппаратчигі 3 адам
- Сепараторщик 3 адам
- Жинастырушы 2 адам
- К3 өндіріс технологиялық лабораториясына 5 адам

- қажет, оның ішінде:
- К3 лаборант-технолог 1 адам
- К3 лаборант-химик 1 адам
- К3 лаборант 3 адам
- К3 шикізат материалдың қоймасы және дайын өндірісіне 21 адам қажет, оның ішінде:
- Қойма меңгерушісі 1 адам
- Ауысым шебері 3 адам
- Оператор фасовщик 6 адам
- Жүк жөнелтуші-жүкші 6 адам
- Автодағы дайын өндірісті жөнелту бойынша жүкші 2 адам

- Қарадағы операторы 3 адам
- №2, №3 шикізат қоймасына 3 адам
- Тасымалдаушы 3 адам
- №28 қоймаға 10 адам, оның ішінде:
- Бригадир 1 адам
- Аппаратчик 3 адам
- Тасымалдаушы 3 адам
- Жүкші 3 адам

Байланыс телефондары: Қабылдау бөлімі 61-4-94
Бас инженер 8 771 423 46 26. 8 777 897 21 00.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2005 жылғы 14 желтоқсанда тіркеліп №6652-Г куәлігі берілген

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 20 Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Астана көшесі, 165-үй. БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ: 8 (715-36) 2-36-96

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.